


Коллектив авторов  
Экономикалық ілімдер тарихы



[http://www.litres.ru/pages/biblio\\_book/?art=26536812&lfrom=159481197](http://www.litres.ru/pages/biblio_book/?art=26536812&lfrom=159481197)  
«Экономикалық ілімдер тарихы: оқу құралы»:  
ISBN 978-601-247-814-3

**Аннотация**

*Бұл оқу құралы экономикалық ілімдердің тарихын зерделеуге бағытталған. Мұнда әртүрлі бағыттар мен мектептердің әдістемелік ерекшеліктеріне талдау жасалынды. Сондай-ақ қазақстандық экономикалық ой-пікірлердің қалыптасу және даму бастаулары да қарастырылған.*

*Оқу құралы экономикалық мамандықтардың студенттеріне, магистранттарына, оқытушыларына арналған.*

## **Б. Нұрманова, Ғ. Даулиева, Г. Төлешова, З. Ахметова** **Экономикалық ілімдер тарихы: оқу құралы**

### **АЛҒЫ СӨЗ**

Экономикалық ілімдер тарихын зерделеу білікті мамандарды дайындауда айрықша маңызды мәнге ие. Аталған ғылым адамзат тарихында қалыптасқан экономикалық идеялар және концепциялардың тұтас спектрын қамтиды, экономикалық теорияның шаруашылық тәжірибемен байланысын көруге, экономикалық саясаттың ұсынылған нұсқасына сыни және зерделенген көзқараспен қарауға мүмкіндік береді, саяси-экономикалық шешімдердің мүмкін болатын салдарын есептеуге және тиімді экономикалық стратегия мен тактиканы таңдауға үйретеді.

Қазіргі экономикалық теорияны өткеннен мұра деп қарастырмаса, оны толығымен түсіну мүмкін емес. «Экономикалық идеялар, көзқарастар мен ой-пікірлердің тарихи сабақтастығын сақтаудың орны ерекше»<sup>1</sup>. Экономика ғылымының тарихын білу ғылымның даму тенденцияларын анықтауға, экономикалық әлемді танудың ішкі логикасын түсінуге мүмкіндік береді. Әлемдік экономикалық ілімдердің жетістіктерін меңгеру білім беру және мәдениет тұрғысында ғана маңызды емес, сонымен қатар экономикалық доктриналарды бағалауға және олардың тәжірибелік маңызын анықтауға мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған оқу құралы ежелгі ойшылдардың экономикалық идеяларының туындауынан бастап қазіргі экономикалық ой-пікірлерге дейін курстың негізгі тақырыптарының жүйеленген баяндамасын қамтиды. Оқу құралында қазақ ағартушыларының көзқарастары, олардың қазіргі қазақстандық экономикалық ой-пікірлердің қалыптасуы мен дамуына ықпалы баяндалған. Әртүрлі бағыттар мен мектептердің әдістемелік ерекшеліктеріне акцент жасалынды, бұл олардың арасындағы жалпы және ерекше белгілерін табуға, экономикалық теорияның даму логикасын анықтауға мүмкіндік береді. Оқу материалын тереңірек меңгеру үшін әр тақырыптың соңында түйінді сөздер, бақылау сұрақтары және тест тапсырмалары берілген.

Ұсынылған оқу құралында кеңестік кезеңдегі отандық экономикалық ой-пікірлер тарихының талдауы қарастырылмаған. Бұл әлемдік басты ғылыми мектептердің даму логикасына кірмейтін КСРО-дағы экономика ғылымының өзгешелігімен түсіндіріледі. Кеңестің кезеңдегі экономика ғылымының дамуы дербес зерделеуді және талдауды қажет етеді.

Авторлар осы құралды дайындау кезінде құнды ескертпелері және сын-пікірлері үлкен алғыспен қабылданған профессорлар М.Д. Исқалиевке, Е.Б. Жатқанбаевқа, Р.Е. Елемесовке, доценттер М.К. Байгисиевке және С. Бекмолдинге өз құрметтерін білдіреді.

Ұсынылған оқу құралы экономикалық ілімдер тарихына қызығушылық танытқан студенттер мен мамандардың кең ортасына, сондай-ақ экономикалық білімге сусаған барлық оқырмандарға арналады.

<sup>1</sup> Экономикалық ілімдер тарихы: оқу құралы / Р. Елемесовтің редакциялауымен шығарылды. – Алматы: «Қазақ университеті», 1997 – 7 б.

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ІЛІМДЕР ТАРИХЫНЫҢ ПӘНІ МЕН ӘДІСТЕРІ

### Экономикалық ілімдер тарихының пәні

Қазіргі экономикалық білімдердің құрылымында экономикалық ілімдердің тарихы маңызды орын алады. Бұл аталған курстың мәселелік ерекшелігі – экономикалық ой-пікірлердің пайда болуын, қалыптасуы мен дамуын тарихи-кеңістік аспектісінде талдауға байланысты. Осылайша, экономикалық ілімдер тарихының пәні қоғамның түрлі тарихи даму сатыларында экономикалық теорияның жүйелі даму үрдісі болып табылады. Экономикалық теорияның жүздеген жылдар дамуы барысында оның мәні кезең-кезеңмен өзгеріп отырды. XVIII ғасырда экономика ғылымының пәні – «халық байлығының табиғаты мен себептерін» (А. Смит) зерделеу болса, ал XIX ғасырда «шығарылған өнімді бөлуді анықтайтын заңдар» (Д. Рикардо) және «өндірістік қатынастар жиынтығы» (К. Маркс) болды. XIX ғасырдың соңғы ширегінде экономикалық теория белгілі нақты мақсаттарды (мысалы, ең жоғары пайда табуды) көздейтін және шектеулі (әдетте, балама) ресурстарды пайдаланатын адамның мінез-құлқы туралы ғылым ретінде анықтала бастады. XX ғасырда біртіндеп, экономикалық теория жекелеген экономикалық тұлғалардың (жеке және заңды тұлғалардың) мінез-құлық шарттары мен тәсілдерін зерттейтін микроэкономикаға және экономикалық мінез-құлықты «тұтас» зерттейтін макроэкономикаға бөлінді.

Ғылым тарихында кумулятивтік және эволюциялық көзқарастарды ажырату қалыптасқан. Кумулятивтік көзқарасқа сәйкес ғылыми білімдер жинақталады, сондықтан кейінгі қалыптасқан теориялар ескілердің жетілдірілуі болып табылады. Зерттеу әдістері жетіле түскендіктен кейінгі қалыптасқан теориялар кейбір бұрынғы шешілмеген міндеттерді шеше алады, алдыңғылардың қателерін түзей алады, сараптамалық салаға кейбір жаңа мәселелерді енгізе алады. М. Блаугтың пікірінше, кумулятивтік ұстаным «сараптамалық құралдардың үнемі жетілдіріліп, ұлғайтылуын, эмпирикалық деректердің үздіксіз жинақталып, реттелуін, экономикалық жүйе жұмысының бұрынғыға қарағанда жақсырақ ұғынылуын»<sup>2</sup> білдіреді.

Экономика ғылымының дамуындағы эволюциялық көзқарас бойынша экономикалық мінез-құлық заңдары өзгеріссіз қалмайды, олар белгілі бір уақытқа қарай айтарлықтай өзгереді. Тарихи дамудың әр түрлі кезеңдерінде экономистер түрлі экономикалық нақтылықты зерттейді және оған жаңа ғылыми парадигма сәйкес болуы керек. Осы көзқарас бойынша өзгерген шындыққа жауап беретін жаңа теориялар жасау қажет. Эволюциялық өзгеріс нәтижелері әдетте алдын ала болжанбайды. Сондықтан белгілі тарихи кезеңде аса мән берілмеген құбылыс басқа кезеңде үлкен қызығушылық тудыруы мүмкін. Осы ретте ескі экономикалық ой-пікір туындаған жаңа экономикалық нақтылықты ұғынуда және жаңа модельдерді құруда тиімді болуы мүмкін.

Экономикалық ілімдер тарихы курсы университет бағдарламаларында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде пайда болды. Дәл осы кезеңде француз авторлары Ш. Жид және Ш. Ристтің экономикалық ілімдер тарихы бойынша әйгілі еңбегі жарияланды. Жалпы алғанда аталған ғылымды зерттеуде екі ұстаным қалыптасты: тарихи және логикалық. Бірінші бағыттың өкілдері (У. Митчелл, А.В. Аникин) экономика ілімін тарихи мән мәтінде ең алдымен оның даму деңгейіне, саяси жағдайына, идеологиялық ортасына және т.б. байланысты қарастырады. Аталған ұстаным қандай да болмасын автордың көзқарасының ерекшелігін жақсы түсінуге мүмкіндік береді, алайда бұл жағдайда экономикалық теорияның дамуындағы ішкі логикасы жоғалады, әр кезеңдегі ойпікірлердің дамуын бақылауға мүмкіндік болмайды. Бұл кемшілікті екінші бағыт – логикалық бағыт жойды. Осы бағыттың өкілдері (И. Шумпетер, М. Блауг) теориялардың, ой-пікірлердің дамуын тарихи ерекшеліктерден тыс қарастырады.

<sup>2</sup> Блауг М. Экономическая мысль в ретроспективе – М., 1994. – С. 34.

## **Экономикалық ілімдер тарихы пәнінің талдау әдістемесі**

Экономикалық ілімдер тарихын зерделеуде «экономикалық өмірді дұрыс анықтайтын, экономикалық ілімдер тарихын әділ бағалайтын өлшемдер мен көрсеткіштер болуы шарт»<sup>3</sup>. Кез келген басқа да әлеуметтік пән сияқты экономикалық ілімдер тарихы қоғамдық-экономикалық талдау әдістемесінің басты қағидаларына негізделеді. Оларға келесілер жатады:

– біріншіден, ғылыми абстракция қағидасы: кез келген экономикалық категорияның қалыптасуы «таза» қызмет ету моделі (нысаны) ретінде, яғни ішкі себеп-салдарлық байланыстар механизмі шегінде қарастырылады; бұл көптеген экономикалық үрдістер мен құбылыстардың ішкі болмысын анықтауға және барлық экономикалық феномендердің тәжірибелік иерархиясы жағына алғашқы қадам жасауға мүмкіндік береді;

– екіншіден, материалистік диалектика қағидасы: экономиканың дамуы – бұл бастапқыда әртүрлі нысандарда көрінген нақты өндіріс үрдісі, сондықтан теориялық экономика осы материалистік үрдісті бейнелейтін категорияларды қолданады, ал біздің курста классикалық диалектика, яғни кездейсоқ қалыптасу, мәндік сипаттамаларының жинақталуы, ішкі қайшылықтардың әрекеті нәтижесінде модификациялануы және басқа сапалық жағдайға ауысуы тұрғысында қарастырады;

– үшіншіден, тарихи қағида, осы курстың пәнімен анықталады, өйткені, біз, экономикалық базис туралы көзқарастардың теориялық эволюциясымен қатар оның тарихи құрамдас бөлігін де талдаймыз; ретроспективтік көзқарас тек әртүрлі елдердегі концепциялардың экономикалық тарихының ерекшеліктерін ғана анықтап қоймай, сондай-ақ тарихи жағдайларға, этнографиялық және құқықтық ерекшеліктерге, дүниетанымның әр түрлілігіне қарамастан, шаруашылық жүйелердің жалпы қызмет ету алгоритмін анықтайды;

– төртіншіден, негізгі және жүйе құраушы элемент ретіндегі монизм қағидасы; экономика туралы әр түрлі дәуірлердегі пікірлердің, ұғымдардың көптүрлілігі бір өлшем – дамудың жалпылығы арқылы талданады, сондықтан экономикалық ілімдердің тарихы ұлттық сипаттан жоғары тұрады.

Әрине, экономикалық ілімдер тарихының мәнін екі құрамдас бөліктер – қоғамдық ұдайы өндірістің тарихы және гносеологиясы құрайды, және нақ осылар экономикалық ілім жүйелерін кезеңдеудің өлшемдерін анықтайды. Дәстүрлі негізгі өлшем ретінде қоғамның әлеуметтік құрылымы саналады, бұл өлшем таптық ұстанымда, сәйкесінше, таптық қоғамның әлеуметтік-экономикалық қайшылықтарын қарастырады. Оның үстіне адамзат тарихын қоғамдық-экономикалық формацияларға бөлу – уақыт бойынша тарихи бірізділікке сәйкес келеді, бұл талдауды жеңілдетеді. Кезеңге бөлудің таптық өлшемінің кемшілігі – айқын көрінетін әлеуметтік доминант болып табылады, ол әлеуметтік бейтараптық жағдайында қалып, экономикалық даму мен өркендеудің құрамдастарын әділ, бейтарап қарастыруға мүмкіндік бермейді.

Таптық өлшемге шамадан тыс бой алдыру көбінесе қандай да бір шаруашылық жүйенің мадақталуына немесе «экономикалық мифтік шығармашылыққа» әкеледі, бұл әрине, әрі экономикалық теорияны бұрмалайды, әрі оның даму ауқымын тарылтады.

### **Экономикалық ілімдер тарихын кезеңдендірудің қазіргі өлшемдерінің ерекшелігі**

Қазіргі уақытта экономикалық ілімдер тарихын кезеңдендірудегі үстем өлшем өркениеттік ұстанымға негізделеді. Ол экономикалық ілімдерді даму кезеңдері, мектептері

<sup>3</sup> Экономикалық ілімдер тарихы: оқу құралы. / Р.Елемесовтың редакциялауы- мен шығарылды. – Алматы: «Қазақ университеті», 1997 – 7 б.

және бағыттары бойынша құрылымдауға және оларды таптық ұстанымнан тыс бағалауға мүмкіндік береді. Осы өлшемнің материалдық негізі қоғамның технологиялық дамуы болып табылады, ол үш сатыда жүреді: индустриалдық шаруашылыққа дейінгі кезең, индустриалдық қоғам кезеңі және постиндустриализм дәуірі.

Осы тұрғыда экономикалық ой-пікірлердің барлық тарихы келесі кезеңдерден тұрады:

экономика ілімінің сараланбаған кезеңі (XV ғ. дейін). Индустриалдық дамуға дейінгі кезеңде экономикалық құбылыстар туралы фрагменттік түсініктер, жалпыға ортақ өзара байланыстар (ақша, айырбас, салықтар, тауар айналымы және т.б.) туралы ішінара білім қалыптасты. Олар болашақ экономикалық жүйенің қайнар бастаулары болды;

– алғашқы жалпы экономикалық идеологияның қалыптасу кезеңі (XV-XVII ғ.ғ.). Бұл кезең индустриализмге дейінгі кезең жағдайындағы жекелеген экономикалық мәмілелерден экономикалық қатынастарды реттеудің алғашқы механизміне өтумен сипатталады, бұл меркантилизм идеологиясында көрініс тапты. Меркантилизм термині екі мағынада қолданылады: протекционизм саясаты ретінде (бастапқыда қоғамдық байлықтың негізгі нысаны – алтын мен күмісті жинақтау саясаты ретінде) және осы саясаттың теориялық негізі ретінде. Меркантилизм активті сауда балансы доктринасында ұлттық өмір сүру жағдайларының міндетті элементі ретінде негізделеді және экономикалық іс-әрекеттің статикалық мәнін көрсетті (бір адам немесе елдің жеңісі – басқаның жеңілісі болып табылады). Ішкі сауда дамымаған кезде, сыртқы саудадан пайда түсіру ықтималдылығы, тұрақты жұмыспен қамту болмаған уақытта аталған саясат белгілі деңгейде табиғи қалыпта болды;

– XIX ғ. соңғы ширегіне дейін барлық экономикалық көзқарастардың негізі болған классикалық саяси экономияның қалыптасуы мен дамуы өтті. Нақ осы кезең табысқа және қайшылыққа толы кезең болды. Классикалық саяси экономияның негізін Ұлыбританияда У. Петти, Францияда физиократтар мектебі (XVIII ғ.) қаланды. Оның нағыз шарықтауы және жүйелі талдануы Англияның ұлы экономистері А. Смиттің және Д. Рикардонның еңбектерінде көрініс тапты. Классикалық саяси экономия ұлттық байлықты жасауда және қоғамдық еңбек бөлінісі шегіндегі жүйенің өзін-өзі реттеу механизмінде өндіріс саласының басымдылығына мән берді. Индустриалдық экономика өндірістің табиғи шарттарға тәуелділігін жойып, әмбебеп экономикалық ілімнің дінгегіне айналды. Саяси экономия еркін нарықтық жүйенің жалпы даму заңдарын талдайтын шынайы ғылым болып қалыптасты;

– негізін салушы К. Маркс пен Ф. Энгельс болған пролетарлық саяси экономия. Басты идеясы – жалдамалы еңбек пен капиталдың антагонизмі және қоғам байлығының бірегей жасаушысы – жалдамалы жұмысшының еркіндігі;

– маржиналистік төңкеріс және неоклассикалық бағыттың даму кезеңі (XIX ғ. 70-жылдары мен XX ғ. 30 жылдары). Аталған бағыт жаңа экономикалық көзқарасты туындатты: оның негізі ұдайы өндіріс үрдісінің әлеуметтік және экономикалық аспектілері емес, жалпы нарықтық шаруашылық жағдайында үнемділік пен тиімділік қағидасын жүзеге асыру болды. Неоклассикалық мектептің классикалық мектептен айырмашылығы – экономикалық талдауда тұтыну саласы басымдылыққа ие болып, игіліктің субъективтік пайдалылығы, қажеттілігі нарықтық бағаның қалыптасуында негізге алынатын элемент болды. Оның үстіне неоклассикалық мектеп (А. Маршалл) тұлғалардың әлеуметтік-бейтараптық мінез-құлқының жалпы қағидаларын қалыптастырды: қанау да, еңбектің капиталға бағыныштылығы да жоқ, адамдар тек максималдауға ұмтылады (кәсіпкерлер пайданы, индивидтер пайдалылықты). Максималдауды анықтаудың құралы шекті шамалар болып табылады: шекті пайдалылық, шекті шығындар, шекті табыс;

– «кейнсиандық төңкеріс» кезеңі – ағылшын экономисі Дж. Кейнстің есімімен және еңбектерімен байланысты, қазіргі макроэкономиканың қалыптасу кезеңі болып табылады. Аталған ұстанымның ерекшелігі тоқырау экономикасы жағдайында тепе-теңдікке қол жеткізу үшін мемлекеттің араласу қажеттілігін негіздеу болып табылады;

– экономикалық ілімдер тарихының соңғы 40 жылдық кезеңін либералдық доктрина (Фрайбург және Лондон мектептері, монетаристік теория) және неоинституционализмнің

қайта өрлеу дәуірі ретінде сипаттауға болады. Оның үстіне XIX ғ. аяғында пайда болған институционализмнің белгілі бағыттарының маңызы барған сайын артып келеді. Бұның себебі шаруашылық жүйенің дамуындағы постиндустриалдық вектор деп есептеуге болады, ол талдау негізіне институт немесе институциялар феноменін қояды. Қазіргі жағдайда әлемдік шаруашылық байланыстар мен ішкі ортаның күрделенуі полифониялық экономикалық көрініске әкеледі, оның өзекті негізіне А. Смиттің классикалық постулаттары да, маржинализмнің шекті шамалары да, Л. Вальрастың тепе-теңдік моделі мен Дж. Кейнстің макроқұрылымы да кіреді. Теориялық экономиканың гносеологиялық «көп қабаттылығын» ұғыну – экономикалық ілімдер тарихының айнымас рөлі мен нақты құндылығын көрсетеді.

### Әдебиеттер:

1. Экономикалық ілімдер тарихы: оқу құралы / Р. Елемесовтің редакциялауымен шығарылды. – Алматы: «Қазақ университеті», 1997 – 152 б.
2. Исқалиев М.Д. Өткен кезеңнің ойшыл экономистері және қазіргі көзқарас (методологиялық, теориялық, іс-тәжірибелік аспектілері). – Алматы, 2004. – 299 б.
3. Блауг М. Экономическая мысль в ретроспективе. – М., 1994. – 720 с.
4. Всемирная история экономической мысли: В 6 т. Т. I. – М., 1987 – 606 с.
5. Ядгаров Я.С. История экономических учений: учебник. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: ИНФРА-М, 2009. – 480 с.
6. К. Эрроу – Развитие экономической теории с 1940 года: взгляд очевидца // Вопросы экономики. – 2010. – № 4.
7. <http://gallery.economicus.ru>

**Түйін сөздер:** кумулятивтік және эволюциялық көзқарас, ғылыми абстракция, материалистік диалектика, тарихи қағида, монизм қағидасы, классикалық саяси экономия, пролетарлық саяси экономия, «маржиналистік төңкеріс», «кейнсиандық төңкеріс», монетаристік концепция, институционализм.

### Бақылау сұрақтары:

1. Экономикалық ілімдер тарихы курсының мәніне анықтама беріп, оның ерекшеліктерін сипаттап беріңіз.
2. Экономикалық ілімдер тарихы курсында талдаудың әдістемелік қағидалары қандай?
3. Экономикалық ілімдер тарихының қазіргі кезеңдендіру өлшемдерінің ерекшеліктері неде?

### Тест тапсырмалары:

1. Экономикалық ілімдер тарихы нені зерттейді?
  - А. халық шаруашылығының даму тарихын;
  - В. өндірістік қатынастардың даму тарихын;
  - С. нарықтық экономиканың тарихы мен теориясын;
  - Д. экономикалық ойлар мен концепциялардың туу, даму және ауысуының тарихи үрдісін;
  - Е. кәсіпкерліктің туу және дамуының тарихи үрдісін.
2. Экономикалық ілімдер тарихында қолданылатын экономикалық талдау әдістерін белгілеңіз:
  - А. тарихи;
  - В. логикалық абстракция;
  - С. каузалдық;
  - Д. функционалдық (қызметтік);
  - Е. талдаудың барлық көрсетілген әдістері.

3. *Позитивтік экономикалық теория:*

- A. экономиканы қоғам тарапынан тұтас зерттейді;
- B. экономиканы жеке индивид тарапынан зерттейді;
- C. деректермен жұмыс жасайды және бағалау пікірлерінен тәуелсіз болады;
- D. бағалау пікірлерін қолданады;
- E. дұрыс жауабы жоқ.

4. *Нормативтік экономикалық теория:*

- A. экономиканы қоғам тарапынан тұтас зерттейді;
- B. экономиканы жеке индивид тарапынан зерттейді;
- C. деректермен жұмыс жасайды және бағалау пікірлерінен тәуелсіз болады;
- D. бағалау пікірлерін қолданады;
- E. дұрыс жауабы жоқ.

5. *Экономикалық ілімдер тарихының нысанын көрсетіңіздер:*

- A. экономика тарихы;
- B. өркениет тарихы;
- C. экономикалық ойлар тарихы;
- D. саяси даму тарихы;
- E. экономикалық идеология тарихы.

6. *XX ғасырдағы экономика ғылымының дамуына сәйкес келмейтін экономикалық теория бағытын белгілеңіз:*

- A. неоклассикалық мектеп;
- B. кейнсиандық бағыт;
- C. неолиберализм;
- D. физиократизм;
- E. марксизм.

7. *XX ғасырдағы экономика ғылымының дамуына сәйкес келмейтін экономикалық теория бағытын белгілеңіз:*

- A. неоклассикалық мектеп;
- B. кейнсиандық бағыт;
- C. неолиберализм;
- D. марксизм;
- E. меркантилизм.

8. *Тарихи-экономикалық әдебиетте қандай оқиға «бағалар төңкерісі» деп аталды:*

- A. 1929-1933 ж.ж. «Ұлы Депрессия» жылдарында бағаның құлдырауы;
- B. 1973-1975 ж.ж. дағдарыс кезінде мұнай мен одан өндірілетін заттарға бағаның қымбаттауы;

- C. азаматтық соғыс салдарынан Солтүстік Америкада бағаның өсуі;
- D. алтын мен күмістің келу нәтижесінде XVI-XVIII ғ.ғ. Еуропада баға деңгейінің артуы;
- E. дұрыс жауабы жоқ.

9. *XX ғасырдағы экономика ғылымының дамуына сәйкес келмейтін экономикалық теория бағытын белгілеңіз.*

- A. тарихи мектеп және кейнсиандық бағыт;
- B. маржинализм мен тарихи мектеп;
- C. институционализм мен кейнсиандық бағыт;
- D. институционализм мен монетаризм;
- E. монетаризм мен маржинализм.

10. *Тарихи-экономикалық әдебиетте қай кезең «кейнсиандық ғасыр» деп аталады?*

- A. 1900-1930 жылдар;
- B. XX ғ. бірінші жартысы;
- C. XX ғ. екінші жартысы;
- D. XX ғ. 40-70 жылдары;
- E. XX ғ. соңғы ширегі.

## ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

### Ежелгі дүниедегі экономикалық ой-пікірлер

Экономикалық ой-пікірлер ерте әлем кезінен, яғни алғашқы мемлекеттер құрылған кезде пайда бола бастады. Содан бері және қазіргі уақытқа дейін экономикалық теорияның қалыптасуы және даму үрдісі жүруде. Сонымен қатар экономикада, ғылымда, техникада және мәдениетте болып жатқан өзгерістер шегінде экономикалық теория да жаңарып, жетілу үстінде.

Өркениет тарихында бірінші болып б.э. дейінгі 7 мыңжылдықта дами бастаған ерте шығыс қоғамдары дамыды, ал Еуропа өркениеті кейіннен, б.э. дейінгі 2-3 мыңжылдықта дамыды. Осы өркениеттердің әлеуметтік-экономикалық типтері айтарлықтай ерекшеленеді. Шығыста көлемді ирригациялық жүйе құру және қолдау қажеттілігіне байланысты еңбектің қоғамдық ұйымдастырылуы шешуші рөл атқарды. Жерге мемлекеттік меншік, орын алды бірақ мемлекет жер иеленушілер және диқаншы қауыммен есептесті, ал жеке меншік шаруашылықтар бағынышты сипатта болды. Еңбектің ұжымдық түрлерінің жетекші рөлі, натуралдық шаруашылықтың басымдығы, еңбекшілердің мемлекетке аса жоғары тәуелділігі диқаншы қауымының тұрақтылығына әкелді. Экономикада мемлекет қызметінің ауқымдылығы және мемлекеттік меншіктің жетекші рөлі өндірістің ерекше – азиаттық тәсілінің негізіндегі өлшемдер болды.

Антикалық дүниеде (Ежелгі Грекия мен Ежелгі Рим) өркениеттің туындауы жекелеген отбасылардың өндіріс құралдары мен құлдарға меншігінің дамуымен байланысты болды. Еңбекті қоғамдық ұйымдастырудағы үстем таптың рөлі өндіріс құралдары мен жағдайларына меншікпен салыстырғанда жанама сипатта болды, мұнда басты рөлге жеке меншік өндірісі ие болды (Ежелгі Римде экономиканың мемлекеттік секторы мүлдем қалыптаспады).

Осылайша, Ерте Шығыс және Антика әлемі халықтарының экономикалық дамуында маңызды қағидаттық өзгешеліктер болды. Бұл экономикалық ой-пікірлердің ерекшеліктерінен көрініс тапты. Ежелгі Шығыста діни-мифологиялық көзқарастар жүйесіне еліктеушілік тән. Ежелгі Шығыстағы экономикалық ой-пікірлердің жетістігіне мемлекетті және мемлекеттік шаруашылықты басқару, мемлекетте және қоғамда тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелерін қарастыруы жатады. Ежелгі Шығыс мемлекеттерінде шаруашылық қызметті есепке алу және оны талдау, басқару, статистика сияқты нақты экономикалық ғылымдардың түп бейнесі қалыптаса бастады.

Антика әлемінің дамуында қала – мемлекеттердің (полистердің) қалыптасу сипаты тән. Антика мәдениеті, оның ішінде экономикалық ой-пікірлер полистің еркін азаматтарының іс-әрекет өнімі болып табылды. Осыған байланысты ол Ежелгі Шығыспен салыстырғанда, анағұрлым рационалды және демократиялық сипатта болды. Антикалық экономикалық ой-пікірлердің басты мәселелеріне натуралдық шаруашылық негіздерін жасау, тауар-ақша қатынастарының кейбір элементтері, шаруашылықты ұйымдастыру мен басқару мәселелері, сондай-ақ жекеменшік мәселелері жатады. Олардың қатарында аса маңыздысы – қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылысының идеалды (мінсіз) үлгісін құру мәселесі болды.

Сонымен, бір жағынан құл иеленушілік және натуралдық шаруашылықтың мадақталуы және екінші жағынан ақша мен тауар капиталын теріске шығару Ежелгі Шығыс пен Антика әлемінің барлық мектептеріне тән ортақ белгі болды. Сонымен қатар Ежелгі дәуірдегі экономикалық ой-пікірлерге тұтас алғанда көптеген тұжырымдардың дүмбілездігі, шикілігі, олардың өзекті болып табылған жағдайларының жойылуына байланысты тарихи өтпелілік тән. Алайда бірқатар құнды теориялық тұжырымдар қазіргі уақытқа дейін ғалымдардың назарында болып отыр, қазіргі ғылыми ұстанымдар тұрғысында талданып, оларда тосын теориялық иірімдер ашылуда.



## **Ежелгі Шығыстың экономикалық ойлары**

Экономика ғылымы әлемдік өркениеттің бесігі – Ежелгі Шығыс елдерінде қалыптасты деп саналады. Шығыс елдерінің шаруашылықты ұйымдастырудағы мемлекеттік реттеу жүйесінің ерекшеліктері көптеген хроникаларда, жазбаларда, философиялық трактаттарда, заң ережелерінде және т.б. көрініс тапты. Белгілі дереккөздер – Ежелгі Шығыс өркениетінің экономикалық ойларының ескерткіштеріне тоқталайық.

Ежелгі Египет үлгісіндегі адамзат баласының ең көне экономикалық ойларының ескерткіші – «Гераклеополь патшасының өз баласына өсиеттері» (б.э. дейінгі XXII ғ.), «Ипусердің сөздері» (б.э. дейінгі XVIII ғ.). Осы дереккөздердің авторлары фараон мен халықтың арасында тұрған басқару аппаратының тиімді қызмет ету қажеттілігін қарастырады.

Ең көне, танымал жазба дереккөзі ретінде Вавилонда б. э. дейінгі XVIII ғ. қабылданған Хаммурапи патша заңдарының кодексін атауға болады. Бұл заңдарда қоғамның экономикалық негіздері, оның негізгі даму тенденциялары көрініс тапқан. Мысалы, құлдар мен құл иеленушілерге бөліну мәңгі және табиғи деп саналған. Заңдар жеке меншікті қорғайды (бөтеннің меншігіне қол сұғу құлға айналу немесе өлім жазасымен жазланады), іскерлік мәмілелерді реттейді.

Ежелгі Қытайдың аса көрнекті ойшылдарының бірі – Конфуций болып табылады. Оның ойлары Қытай халқы өмірінің барлық жақтарына үлкен әсерін тигізді. Конфуций адамдардың рухани жетілу бағдарламасын ұсынды, ол әр адамның міндетті түрдегі парызы – рухани жетілуге талпыну, үлкендерді сыйлаудың табиғи ережелерін танып-білу, ұлдардың құрмет тұтуы және ағайындар арасындағы достық екендігін атап өтеді. Ол тұңғыш рет табиғи құқық теориясын әлеуметтік, адамгершілік, заңдық тұрғыда ұсынды. Табиғи құқық теориясына сәйкес құдай әлемнің алғаш жаратушысы болып есептеледі, бірақ ол азаматтық заңдармен қорғалатын қоғамдық өмір құбылыстарына араласпайды. Конфуций мемлекет байлығын арттыру үшін көп еңбек етіп, аз тұтынуға шақырды.

«Гуань-Цзы» трактаты (б.э.д. IV ғ.) – Ежелгі Қытайдың экономикалық ойларының тарихында ерекше орын алады. Онда өз уақыты үшін терең мағыналы түрде шаруашылықты мемлекеттік реттеудің тұтас жүйесі ауқымды түрде әзірленген. «Гуань-Цзы» трактатының авторлары да Конфуций сияқты басты міндет – «мемлекетті бай және халықты риза қылу» деп түсінді, сондай-ақ ол қоғамның тапқа бөлінуін тұрақтылық деп қабылдады. «Гуань-Цзы» «шаруашылықты теңестіру қағидаларын» ұсынды. Мемлекет өнімдер арзан кезінде қорлар жинап, оларды баға қымбаттаған кезде тауар айналымына жіберіп, қазынаға пайда түсіруі тиіс. Экономиканы тұрақтандыру шараларының қатарында нанның бағасын реттеу, диқаншыларға жеңілдетілген несиелер беру аса маңызды орын алды. «Гуань-Цзы» трактаты Ежелгі Қытайдың экономикалық ойларының қалыптасу тарихында ерекше орын алды.

Ежелгі Үндістанның қоғамдық қатынастары, экономикасы, саяси институттары туралы маңызды мәліметтердің дереккөзі «Артхашастра» трактаты болып табылады. Оның авторы Каутилья (б.э.д. IV ғ.) байлықтың еңбекпен жасалатыны туралы ойды ұсынды, елдің шаруашылық өміріндегі мемлекеттің маңызды орнын көрсетті. Ол шаруашылықта диқаншы кәсібі негізгі рөлі атқаратынын және диқаншы кәсібін қорғау қажеттігін, атап айтқанда суғару жүйелерінің құрылысын мемлекеттің салып беруі немесе бұл істе қауымдарға көмек көрсету мәселесіне ерекше тоқталды. Мемлекеттің қаржылық мәселелерін талқылай отырып, Каутилья шығыстар мен кірістерді есепке алуды қатаң түрде құжаттандыру қажет деп есептеді. Патша шенеуіктердің қазынаға қол сұғуына жол бермеуі тиіс деп атап өтті.

«Артхашастра» және Ежелгі Үндістанның өзге құжаттарында бастапқыда тұрғындарды айналысатын кәсібіне қарай бөлу негізінде қалыптасқан касталық бөлу тәртібі орын алған. Осылайша, Ежелгі Үндістан қоғамындағы экономикалық идеялар касталық және өндірістік шектеме тәртіптер дәстүрінде болды. Дін және мемлекеттік билік қауымдық құрылыс түрлеріне айтарлықтай ықпал етіп, ақшасыз айналымның сақталуына әкелді, кәсіптерді

ұйымдастырудың, сауда операцияларын жүргізудің тәртібін орнатты.

### **Антикалық экономикалық ойлар**

Ежелгі Грекияда экономикалық көзқарас жүйеленіп, ғылыми қалыпқа түсті, мұндай теорияларды айтушылар әдетте ойшылдар (философтар) және құл иеленуші мемлекеттердің жекелеген билеушілері болды. Атақты грекиялық философ ойшылдар Ксенофонт (б.э.д. 430-355 жж.), Платон (б.э.д. 427-347 жж.), Аристотельді (б.э.д. 384-322 жж.) алғашқы ғалым-экономистер деп айтуға болады.

Ксенофонт «Үй шаруашылығы туралы» трактатында өз пікірі бойынша үлгілі шаруашылықтың және үлгілі азаматтардың сипаттарына тоқталады. «Үй шаруашылығы туралы» трактатының басты идеясы мыналарды қамтиды: еңбекті ақыл-ой және дене еңбегіне бөлу, ал адамдарды еркін және құл деп бөлу табиғи түрде саналды, кез келген тауар пайдалы қасиеттерге ие (тұтыну құны) және басқа тауарларға (айырбас құны) айырбастала алады, ақшаны адам олар арқылы тауар айналымы және байлықтың жиналуын жүзеге асыру үшін ойлап тапты. Ксенофонт экономиканы салаларға, яғни ауыл шаруашылығы, қолөнер және сауда деп бөлді.

Платон өзінің экономикалық көзқарастарын «Мемлекет» және «Заңдар» еңбектерінде көрсетті. Оның алғашқы еңбегінде идеалды мемлекеттік құрылыс жобасы әзірленген, екіншісінде шынайы нақтылыққа жақын келетін мемлекет туралы айтылған. Идеалды мемлекет үлгісінде үш тап бар: 1) қоғамды басқаратын феодалдар 2) әскерилер 3) диқаншылар, қолөнершілер және саудагерлер. Құлдар ешқандай тапқа жатпады.

Аристотель «Никомах этикасы», «Саясат» және т.б. еңбектерінде мемлекеттің идеалды үлгісі туралы баяндаған. Ол қоғамның еркін адамдарға және құлдарға бөлінуі, ал олардың еңбектерінің ақылой және дене еңбегіне бөлінуі «табиғи заңдылық» деп таниды және шаруашылықта қолөнер мен сауда емес, диқаншылық басты рөл атқаратынын атап көрсетті. Алайда ғалымның натуралдық шаруашылық қағидаларын ұстанушылығы оның экономика және хрематистика туралы айрықша біртума тұжырымдамасында айқын көрінді.

Бұл концепция жіктеу сипатында болды, оны Аристотельдің барлық шаруашылық түрлерін екі салаға – табиғи (экономика) және табиғи емес (хрематистика) деп топтастыруы куәландырады. Оның алғашқысына диқаншылар, қолөнершілер мен ұсақ сауда-саттық жатады, оған мемлекет қолдау көрсетуі тиіс. Себебі оның салалары тұрғындардың тіршілік ету қажеттілігін қанағаттандыруға септігін тигізеді. Екіншісі ірі саудаға, делдалдық және қарызға беру операцияларына негізделеді. Бұл операциялар «ақша жинау, тұрмысты одан сайын жақсарту» сияқты пайдақорлық мақсаттарға жетуді көздейді. Аристотель ақшаны баю мақсатымен жинауды сынамайды, ақшаны екі есе етіп қайтарып алатын өсімқорларға «өшпенділікпен» қарайтынын айтып өтеді.

Ежелгі Римде Варрон, Катон, Цицерон, Колумелла сияқты ғалымдар жазушылар және саясаткерлер ауыл шаруашылығы экономикасына, жерге меншікке және құлдардың еңбегін ұйымдастыруға баса назар аударған. Атап айтқанда, Колумелла (б.э.д. I ғ.) бүкіл Жерорта теңізі аумағының ауыл шаруашылығы тәжірибесін жинақтай отырып, агрономия жөнінде тың ойлар айтты. Ол құлдардың төмен еңбек өнімділігін көрсетіп, шаруашылықты жүргізуді колондарға – еркін диқаншыларға беру мәселесін көтерді. Құлдар еңбегінен бірден бас тарту мүмкін еместігін түсіне отырып, ол құлдар шаруашылығын тиімді ұйымдастыру қағидаларын ойлап табуға тырысты.

Жаңа жылсанаудың басы – әлемдік діндердің қалыптасқан уақыты. Діндарлардың басты кітаптарында арнайы экономикалық теориялар кездеспейді, алайда олардың барлығында арам байлық, өтірік, қулық, өсімқорлық кінәратталады. Ақша, мүлік, дүние – басты мақсат емес, құрбан шалу, қайырымдылық жасау мүмкіндігін, Жаратушыға құлшылық еткен дұрыс деген идеяны ұстанды.

### **Ортағасырлық экономикалық ой пікірлер**

Орта ғасырларда экономикалық ойлар айтарлықтай қарқынды дами бастады. Ортағасырлық идеологияның, соның ішінде шаруашылық өмір саласына да қатысты идеологияның ерекшелігі – оның терең діни сипатында. Барлық экономикалық мәселелер діни көзқараспен талқыланды. Табиғи шаруашылық қатынастардың орта ғасырлық түрі немесе феодализм әдетте Шығыс мемлекеттерінде III-VIII ғ.ғ., ал Еуропа мемлекеттерінде V-XI ғ.ғ. қалыптасты.

### **Шығыс елдеріндегі ортағасырлық экономикалық ойлар**

Арабияда VI ғасырдың аяғы мен VII ғасырдың басында феодалдық қатынастардың қалыптасуына байланысты феодал және сауда ақсүйектері Арабия түбегінде тұтас мемлекет құрып, жаңа сауда жолдарын жаулап алуға тырысты. Бұл талпыныс жаңа діни идеология – исламда көрініс тапты. Ислам дінінің бастапқы қалыптасу кезеңінде-ақ Мұхаммед пайғамбар қанағатшыл болуға, байлыққа табынбауға, қайырымды болуға, «кедей болып қалмас үшін күнәһарлық ысырапшылдықтан аулақ болуға» үгіттеді. Мұхаммед мүлікке мұрагер болу және қайырымдылыққа түскен қаржыны, заттарды таратып беру ережелерін белгіледі, оның жылдық нормасы мүлік құнының екі-үш пайызын құрайды. Пайғамбар кедейлерді қолдаудың қоғамдық қорын құрды, ол пітір садақа мен әскерилер табысының бестен бір бөлігінен құрылды. Құран саудаға көп көңіл бөлді, алайда екі есе етіп қайтарып алатын өсімқорлыққа қарсы болды.

Орталық Азиядағы ерте ортағасырлық кезең «Мұсылмандық Ренессанс» деп аталды, бұған Әл-Фараби, Бируни, Ибн-Сина, Баласағұн, Қашқари сияқты ойшылдардың қосқан үлесі ерекше. Аристотель, Платонның және басқа да Ежелгі Грекия ойшылдарының мұралары ортаазиялық ғалымдарға жақсы танымал болып, олардың шығармаларында одан әрі дами түсті. Осы авторлардың ғылыми еңбектерінде философиялық, діни-этикалық, әлеуметтік мәселелер, мемлекет құрылысы, шаруашылық саясат және көптеген басқа да бағыттар қарастырылды.

Орта Азия аумағында аса танымал ойшылдардың бірі – Әбу Нәсір Әл-Фараби (873-950) болды. Ол 200-ге жуық трактаттардың авторы. Ол Аристотельдің көптеген еңбектерін араб тілінде сөйлету арқылы Шығыс және Батыс ғылымы мен мәдениетінің жақындауында ерекше роль атқарды. Оның әлеуметтік-экономикалық көзқарастары «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қызметкердің афоризмдері», т.б. еңбектерінде көрініс тапты. Ғалымның пікірінше, адамзат қоғамының қалыптасу жағдайы – материалдық қажеттіліктерге байланысты, ал адамдардың бірігуі себебі адамның табиғатына байланысты болады. Халықты ұйымдастырудың үш түрі бар – шағын (қала), орта (халық) және үлкен (бірнеше халықтардың бірігуі). Оның ішінде қала «кемелденудің жоғары сатысы», ал ең жетілмегені – үй қоғамы болып табылады. Ол әлеуметтік утопия концепциясын – ізгілікті қала туралы ілімді жасады. «Адамдарды бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам – қайырымды қоғам. Барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық – қайырымды халық»<sup>4</sup>. Әл-Фараби жеке ізгілікті адамгершілікпен байланыстырады, ол адам игілігіне септігін тигізетін қызмет нысаны түрінде көрінеді. Ізгілікті қала тұрғындардың өмір сүру жағдайына байланысты анықталады, салыстыру үшін ойшыл надан, тоғышар қалалардың сипаттамасын береді (қажеттілікке, айырбасқа, мақтансүйгіштікке, билікқұмарлыққа негізделген және ұжымдық). Ізгілікті қоғам түсінігіне қажеттілікке негізделген (өзара көмектесумен құрылған) және ұжымдық (теңдікке және бостандыққа негізделген) қалалар сәйкес келеді.

<sup>4</sup> Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат// Экономика.Әлемдік классика,10 томдық. Т.1. – А., 2006. – 206 б.

Мемлекеттің экономикалық мақсаттылығын талқылай отырып, ойшыл мемлекет басшысының қызметін анықтайды: тұрғындардың қажеттілігін қанағаттандыру, оларды жаулардан қорғау, өзін тек ең қажеттімен шектеу.

Әл-Фараби басқарудың екі түрін бөліп қарастырған. Біріншісі, адамның «біреуді басқарып және біреуге бағынуы» және «басқа бір адамға жетекшілік ету». Жетекшіліктің екінші түрі қоғамдық шаруашылықтың жеке салаларында және сондай-ақ, «бүкіл адамзатқа қатысты» болуы мүмкін, яғни, қала, қауым, мемлекет басшылары. Басты жетекшінің қажетті қызметі жетекшілік деңгейін анықтау, әрбір деңгейдегі жетекшілердің арақатынасының тәртібі мен олардың бір ізділігін анықтау болып табылады<sup>5</sup>. Ойшыл адамдарды басқару туралы ілім ретінде «полития» идеясын ұсынды. Әл-Фараби Таяу Шығыс және Орталық Азияның ғылыми әдебиеттерінде ең алғаш басқару үрдісін күрделі, көп қырлы үрдіс ретінде көрсетуге тырысты.

Әбу Райхан Бируни (973-1037) Орта Азия аумағында алғаш болып ақшаның шығуын зерттеді. «Геодезия» еңбегінде ол әр адам бөлікке бөлінетін, арттырғанда қосылатын, жеке алғанда өлшенбейтін қажеттілік заттары мен жұмыстары арасында пропорционал қатынасты көрсете білетіндей затқа мұқтаж болды. Осыған байланысты адамдар бағалар мен баламаларға келісті, олардың қатарына балқымалы металдар, бағалы тастар жатады, олар сирек кездеседі, ұзақ пайдаланылады және түрі әдемі деп атап өтті<sup>6</sup>.

Ақшаның қызметіне талдау жасай отырып, ғалым құн өлшемі мен жинақтау құралдарының қызметін бөліп көрсетті. Мемлекет қазынасында ақша жинау мемлекет қызметін орындау үшін, атап айтқанда ғалымдар мен ғылымды дамыту үшін оларды пайдалануға мүмкіндік береді.

Әбу Әл Ибн Сина (980-1037) – ұлы ғалым энциклопедист, философ, дәрігер, барлық әлемге Авиценна деп танылған ойшыл. Өзінің әлеуметтік-экономикалық көзқарастарын «Әділеттілік кітабы», «Үй шаруашылығын жүргізу туралы трактат», «Емдеу кітабы», «Өсиеттер мен нұсқамалар кітабы», «Білімдер кітабы» сияқты еңбектерінде жазған. Өз еңбектерінде Бұқарадан шыққан ұлы ойшыл еркін ойлау, рационалды мінез-құлық және пайымдау принциптерін қорғайды, ғылыми терминология жасау мәселесін көтереді. Ибн Сина Орталық Азияда бірінші болып кірістер мен шығыстардың балансын отбасы, қала және мемлекет деңгейінде бөліп қарау мәселесін көтерді. Мемлекеттің рөліне тоқтала келіп, ойшыл ол төмен таптарға пайда әкелу мақсатын жүзеге асыруы тиіс және апатты жағдайлардың алдын – алу үшін қорлар құруы тиіс деп санайды. Ойшыл еңбектерінде негізгі орынды адамның қажеттіліктері алады, ол оны қалау, тілек және құмарлықпен байланыстырады. Ойшыл болашақты болжаумен айналысқан орта ғасырлық астрологияны сынға алады, ол болжау тек тану үрдісінде, нақтылықты талдап, құбылыстардың мәніне жеткенде ғана мүмкін. Ғалым еңбектерінде адам денсаулығын сақтау үшін қоршаған ортаның маңыздылығы туралы ой-пікірлері негізделген.

XII-XIII ғ.ғ. еуропалық ой-пікірлерге үлкен әсерін тигізген араб ғылымының ерекше қарқынды дамуы орын алды. Осы дәуірдің ірі ойшылы Ибн Халдун (1332-1406) болып есептеледі. Ол қоғамның экономикалық және мәдени дамуындағы қалалардың рөліне көп тоқталды. Ойшылдың пікірінше, шығыс мемлекеттерінде қоғамдық өмірдің шарықтауы «еңбектің молшылығына» байланысты. Ақша туралы талқылай келе, ғалым алтын мен күміс «адам еңбегімен жасалған барлық заттың құны қызметін» атқарады дейді. Бір қызығы, Ибн Халдун қажетті және артық еңбек ұғымдарына тоқталады. Ол артық өнімді өнеркәсіп және саудамен байланыстырады, оны ауыл шаруашылығында жоқ деп есептейді. Ойшылдың пікірінше, барлық ауыл тұрғындары тек мұқтаждықтарын қанағаттандыруға қажетті

<sup>5</sup> Жатканбаев Е.Б. Средневековые мыслители Центральной Азии о государстве и государственном управлении // Вестник КазГУ, серия экономическая. – 1998. – № 10. – С.152-156.

<sup>6</sup> Бируни. Геодезия. – Ташкент, 1996. – С. 86.

игіліктерді тудыра алады. Қалаларда жұмыс күшінің көп болуына және еңбек бөлінісінің кең қолданылуына байланысты артық өнім құру шарттары туындайды деп есептейді.

Тауар-ақша қатынастарының дамуы туралы ойластырса да, ойшыл феодалдық құрылысты сақтап қалғысы келді және қоғамдық өмірдің шарықтауына қол жеткізудің ең тиімді құралы – бұл салық мөлшерін азайту деп есептеген.

### **Еуропа мемлекеттеріндегі ортағасырлық экономикалық ойпікірлер**

Орта ғасырлардағы еуропалық экономикалық ойлар христиандық ілімнің ықпалында дамыды. Көптеген ерте христиандық ойшылдар (Григорий Богослов, Иоанн Златоуст) бос сенделісті сынға алып, еңбекті дәріптеді.

Орта ғасырлардағы ең танымал ойшылдардың бірі Фома Аквинский (1224-1265) болды. Ол дін мен философия тарихында христиандық ережелерді Аристотель ілімдерімен біріктірген зерттеуші болып есептеледі. Оның еңбектерінде экономикалық көзқарастары, атап айтқанда «әділетті баға» мәселесі ерекше орын алады. Ойшылдың пікірінше, әділетті баға екі талапқа сай болуы керек. Біріншіден, ол «еңбек және шығындар» мөлшеріне сәйкес келетін айырбас баламасын қамтамасыз ете алуы керек. Екіншіден, айырбас қатысушыларына олардың әлеуметтік мәртебесіне сай «қоректі» қамтамасыз ете алған жағдайда баға әділетті болады. Баға қойылғанда тауарларды сақтау, жеткізу шығындары және тауарды жоғалтып алу жағдайында сақтандыру шығындары ескерілуі тиіс.

Ойшыл өсімқорлықты кінәраттады. Өсім алуды ол табиғатта жоқ затты сатумен салыстырды. Алайда жалдамалы армияны ұстауға, мемлекет қажеттіліктеріне жұмсалатын ақшалай қарыздар болуы керек деп есептеді. Бұл жағдайда өсім пайызын алу – қарыз ақшаны жоғалту тәуекелі үшін өтем.

Ф. Аквинскийдің пікірінше, ақша келісім негізінде, айырбас ыңғайлы болуы үшін туындайды. Ақша корөл билігінің тапсыруымен шығарылады: ол монетаны шығарады және оның құнын белгілейді. Ойшыл ақшаның «бұзылуына» қарсы шығады, ақша қорын жинап, сақтауды ұсынады.

Ежелгі және орта ғасырлардың ғұлама ғалымдарының еңбектері бүкіл адамзаттың алтын қорын құрды, адамзат ой-пікірлерінің дамуындағы көптеген бағыттарының, соның ішінде экономика ғылымының негізін салды.

Жаңа шаруашылық құрылыс – буржуазиялық құрылыстың қарқынды дамуында протестанттық дін (XV-XVI ғғ. қалыптасқан христиандықтың бір бағыты) басым рөл атқарды. Ұқыптылық, іскерлік, орынды тәуекел, сақтық, шыншылдық – жаңа уақыттағы іскер адамның қасиеттері болды. Қарыз пайызын алу, сауда күнәһарлық және сынға алынатын әрекеттер болудан қалды, баға сатушылар мен сатып алушылардың өзара келісімімен белгіленді. Көптеген зерттеушілердің (М. Вебер) пікірінше, Ұлыбритания, Нидерланд, АҚШ сияқты мемлекеттердің қарқынды дамуы «протестанттық рухына» байланысты болды.

### **Әдебиеттер:**

1. Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат // Экономика. Әлемдік классика, 10 томдық. Т.1. – А., 2006.
2. Жатқанбаев Е.Б. Средневековые мыслители Центральной Азии о государстве и государственном управлении // Вестник КазГУ, серия экономическая. – 1998. – № 10. – С.152-156.
3. Исқалиев М.Д. Өткен кезеңнің ойшыл экономистері және қазіргі көзқарас (методологиялық, теориялық, іс-тәжірибелік аспектілері). – Алматы, 2004. – 299 б.
4. Блауг М. Экономическая мысль в ретроспективе. – М., 1994.
5. Всемирная история экономической мысли: В 6 т. Т. I. – М., 1987. – 606 с.
6. Ядгаров Я. С. История экономических учений: учебник. – 4-е изд., перераб. и доп. –

М.: ИНФРА-М, 2009. – 480 с.

**Түйін сөздер:** Ежелгі Шығыстың экономикалық ой-пікірлері, антикалық экономикалық ой-пікірлер, шығыс елдеріндегі орта ғасырлық экономикалық ой-пікірлер, Еуропа елдеріндегі орта ғасырлық экономикалық ой-пікірлер, хрематистика, өсімқорлық, «әділетті баға» концепциясы, азиаттық өндіріс тәсілі.

### Бақылау сұрақтары:

1. Ежелгі дүние және орта ғасырлық ғалымдардың экономикалық ой-пікірлерінде қандай ерекшеліктер болды?
2. Қазіргі экономика ғылымы үшін ежелгі дүние авторларының ілімдері қандай мәнге ие?
3. Құран және Библияда кездесетін экономикалық тұжырымдарды белгілеңіздер.

### Тест тапсырмалары:

*1. Ежелгі Шығыс мемлекеттерінің экономикалық ой-пікірлерінің ерекшелігі ең алдымен былай түсіндіріледі:*

- A. құлдық жүйенің дамуымен;
- B. шаруашылық өмірге мемлекеттің ауқымды қатысуымен;
- C. тармақталған банк жүйесінің болуымен;
- D. діни көзқарастардың маңызды әсерімен;
- E. дұрыс жауабы жоқ.

*2. Ежелгі дүниедегі экономикалық ой-пікірлерді төмендегілердің қайсысы көрсетеді:*

- A. құн мәселесі қарқынды қаралады;
- B. таптық қайшылықтар қаралады;
- C. экономика ғылымы дербес білім саласы ретінде қаралады;
- D. экономикалық ойлар қоғам жайлы басқа ойлау түрлерінен бөлінбеген;
- E. барлық келтірілгендер дұрыс.

*3. Азиаттық өндіріс тәсілі сипатталады:*

- A. мемлекеттік меншіктің болуымен;
- B. ирригациялық жүйе мемлекеттің бақылауында болуымен;
- C. сауда мәмілелерінің регламентациясымен;
- D. шаруашылық өмірге мемлекеттің қатысуымен;
- E. барлық жауаптар дұрыс.

*4. Вавилондық патшалықтың маңызды тарихи ескерткіші болып есептеледі:*

- A. Артхашастра;
- B. Ману заңдары;
- C. Гуань Цзы;
- D. Хаммурапи патшаның заңдары;
- E. Көне Өсиет.

*5. Аристотель іліміндегі хрематистика дегеніміз:*

- A. игіліктерді үй мен мемлекет үшін сатып алуға бағытталған шаруашылықтың түрі;
- B. баюға бағытталған сауда-қарыз беру капиталы қызметі;
- C. материалдық игіліктерді құру процесі;
- D. құн субстанциясы;
- E. жаңа теңдік нысаны.

*6. Ежелгі грек философтары Ксенофонт, Платон, Аристотель құлдықты санаған:*

- A. табиғи және өзгермейтін жағдай;
- B. уақытша құбылыс;
- C. адамдар арасындағы келісімдер нәтижесі;
- D. тосын жағдай;

Е. грек қоғамының ерекшелігі.

7. *Орта ғасырлық экономикалық ой-пікірлердің айрықша сипаты:*

- А. материализм;
- В. діни емес сипатта;
- С. математикалық аппаратты пайдалану;
- Д. айқын көрінген құдайшылық сипат;
- Е. кескіндемелік әдісті қолдану.

8. *Ерте ортағасырлық экономикалық ой-пікірлердің сипаттық белгісі:*

- А. ірі сауданы қолдау;
- В. қарызға беру операцияларын дамытуды қолдау;
- С. сауда табысы мен пайыздың өсімін сынау;
- Д. құлдықты қолдау;
- Е. дене еңбегіне теріс көзқарас.

9. *Құранда қандай ережелер көрініс тапты?*

- А. сараңдық пен қомағайлықты кінәлау;
- В. ысырапшылдықты сынау;
- С. ақшаны пайызға беруге тыйым салынады;
- Д. еңбекті жоғары бағалау;
- Е. барлық жауаптар дұрыс.

10. *Ибн Халдунның негізгі жетістігі:*

- А. қалалар мәнін зерттеу;
- В. қоғамның «жабайылықтан» «өркениетке» даму эволюциясын сипаттау;
- С. ақшаны талдау;
- Д. жалақының сипаттамасы;
- Е. сауда операцияларын қарау.

11. *«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты еңбектің авторы:*

- А. Әл-Фараби;
- В. Ибн-Сина;
- С. Бируни;
- Д. Ж. Баласағұн;
- Е. Ибн-Халдун.

12. *Қайсысы бірінші болып: түрік тілінде әлеуметтік экономикалық ойларды қарастырды?*

- А. Ибн-Сина;
- В. Әл-Фараби;
- С. Бируни;
- Д. Ж. Баласағұн;
- Е. М. Қашқари.

## **МЕРКАНТИЛИЗМ: ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУ САТЫЛАРЫ**

XVI-XVII ғғ. экономика ғылымының тарихында ерекше роль атқарды. Осы кезеңде ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы орын алды; натуралды шаруашылықты нарықтық қарым-қатынастар ығыстырады; ұлы географиялық жаңалықтардан кейін нарықтың ұлғаюы жүрді; капиталдың жинақталуы жүзеге асты; өсімқорлық және көпестік капитал тез дами бастады. Ғылыми зерттеулердің сипаты да өзгерістерге ұшырайды: олар барынша зайырлы кейіпке ие болып, прагматикалық мақсаттарды қоя бастады. Экономика ғылымында бұл шаруашылық іс-әрекеттің басты мәселелері (ұлттық байлық, оны көбейтудің жолдары) талқыланған еңбектердің пайда болуынан көрінді. Қарастырылып отырған кезеңде көптеген мемлекеттерде ұлғайған тауар айналымына қажетті ақшаның (алтын және күміс) жетіспеушілігі байқалды, осының нәтижесінде сапасы төмен монеталарды дайындау орын

алды (монетаның «бұзылуы»). Ұлы ғалым Николай Коперник «Монеталарды шығару әдістері туралы» еңбегінде мемлекеттердің құлдырауының төрт себебін көрсетті: ұрыс-соғыстар, өлім деңгейі, құнарсыз жерлер және ақшаның құнсыздануы. Ол құнсызданған ақша сауданың қысқаруына және өмірге қажетті заттардың қымбаттауына алып келеді деп ескертті. Алтын туралы, оның санын сыртқы сауда есебінен арттыру туралы еңбектер жиі жазыла бастайды. Осылайша уақыт өте келе, меркантилистер мектебі пайда болды. Олардың пайда болуы алғашқы едәуір жүйеленген экономикалық көзқарастардың пайда болуын көрсетті.

XV-XVI ғғ. Капиталды құюдың ең тиімді саласы сауда болды, әсіресе сыртқы сауда тез дамыды (колониялық жаулап алудың әсерінен). Италия тіліндегі «мерканте» (көпес) сөзінен меркантилизм термині қалыптасқан. Меркантилизмге екі жақты сипаттама беруге болады: біріншіден, ол капиталдың бастапқы жинақталуы кезеңінде мемлекет байлығын көбейтудің және сауда буржуазиясын жақтайтын мемлекеттің экономикалық саясаты ретінде, ал екінші жағынан айналыс саласында байлықтың ұлғаю заңдылықтарын және мүмкіндіктерін анықтайтын, мемлекеттің меркантилистік саясатын негіздейтін теориялық концепция ретінде.

Меркантилизмнің негізгі қағидалары ретінде келесідей тұжырымдарды көрсетуге болады: ақша байлықтың ең негізгі нысаны; байлықтың көзі – сыртқы сауда немесе бағалы металдардың өндірісі; сыртқы сауданың мақсаты елге алтын және күмісті көптеп тарту, сол үшін арзан сатып алып, қымбат сату; ұлттық өндірісті арзан импортталған шикізат және басқа барлық импортқа протекционистік тарифтер қою арқылы қолдау; жалақы салыстырмалы төмен деңгейде болу керек, сол кезде табыстар жоғары болады.

Меркантилизм дамуында екі кезең көрсетіледі: ерте және кейінгі. Ерте меркантилизмнің негізін «ақша балансы» идеясы (монетаристік тәсіл) құрады. Байлықтың көзі ақша деп есептелген және елдің ішінде ақшаны ұстап қалу үшін әртүрлі әкімшілік шаралар қолданған. Елге ақшаны енгізудің саясаты келесідей болған: арнайы құрылған органдардың күшін қолдану арқылы шетел көпестеріне тапқан табысын сол жерде жаратуға мәжбүрлеген. Меркантилистер алтын және күмісті мемлекеттен шығаруға жол бермеуді ұсынған, импортты барынша қысқартып, экспортталатын тауарларға барынша жоғары баға және жоғары кеден салықтарын орнатқан. Мұндай саясатты жүзеге асыру сауданың жойылуына алып келуі мүмкін еді, сол себептен Еуропаның көптеген мемлекеттері едәуір икемді саясатқа көшуді жөн көрді.

Кейінгі меркантилизм (XVI ғ. Екінші жартысынан бастап) активті сауда балансы концепциясына негізделген. Елге ақшаның ағылуын экспорттың көлемін импорттан көбейту арқылы, яғни актив сальдо арқылы жүзеге асыруды ұсынған. Әкімшілік шараларды экономикалық бағыттағы ұсыныстар ығыстырып шығарды. Елге ақшаны алып келудің ең тиімді әдісі – экспортталатын тауар көлемін арттыру және сыртқа шығарудың ішке алып келуден көлемінің артуы болып саналды. Мемлекет мануфактуралық өндірісті, делдалдық сауданы, дайын өнім импортын қолдады және тек қана шикізат өнімдерін экспорттауға рұқсат етілді. Соңғы меркантилизм өкілдерінің пікірінше, елге ақшаны тек қана жинақтау емес, оларды айналысқа түсіру тиімді деп санады. Т Мен былай деп жазды: «Шаруаға өнімді алу үшін жерге дәнді себу керек болса, тура сол секілді көпес өз тауарларын көбірек сатуы және ұлтына қосымша қаражат түрінде пайда түсіруі үшін ақшаны сыртқа шығаруы және шетел тауарларын сатып алуы керек».

Меркантилизм әр елде өзіндік ерекшеліктерімен дамыды, бұл экономикалық өсудің әртүрлі деңгейімен түсіндіріледі. Ерте меркантилизм өкілдері – Б. Даванзатти (Италия), У. Стаффорд (Англия) сауданы, тауардың импортын шектеуді қолдап және монеталарды шетелге шығаруға қарсы болған. Англиядағы кейінгі меркантилизмнің өкілі Т. Мен болып табылады. Сауданы дамытудың мақсаты ретінде Т Мен өндірістің шикізат базасын ұлғайтуды, шетел тауарларын тұтынуды азайтуды, шығындарды азайту үшін жұмысшылардың еңбек ақысын шектеуді ұсынған. Францияда он сегізінші ғасырда мемлекеттік билік кольбертизм саясатын жүзеге асырды, бұл саясат сыртқы сауданың



дамуын, шикізаттың бағалы түрін шетелге шығаруды тоқтатуын, субсидиялар және артықшылықтар арқылы мануфактураны дамытуды және кеден салықтарын орнатуды қолдады. Француздық меркантилист А. Монкретьен ғылыми айналысқа «саяси экономия» терминін енгізді және оны шаруашылық әрекеттің тәжірибелік ережесі ретінде қолдануды ұсынды.

Соңғы зерттеушілер меркантилизмнің, соның ішінде активті сауда балансы концепциясының теориялық әлсіздігін көрсетті. XVII ғасырдың ортасында-ақ кейбір сұңғыла экономистер мемлекетке бағалы металдардың әкелінуі ішкі бағаның өсуіне, импорттың азаюына, мемлекеттен капиталдың шығарылуына әкеліп, біртіндеп сыртқы сауданың оң балансынан түсетін ұтымды жоятындығын түсінді. Сол уақыттағы әдебиеттерді талдау көптеген меркантилистердің активті сауда балансы мен инфляция арасындағы байланысты нақты түсінгендігін көрсетеді. Мысалы, Т Мен: «Империядағы ақшаның көптігі отандық тауардың бағасының өсуіне алып келетінімен бәрі келіседі» деп жазды және бұл оның өз жорамалдарына қарамақайшы пікір. Мұндай жағдайда меркантилистер неліктен елдегі ақшаның көбеюі үшін алаңдаған? Дж.Кейнстің түсіндіруі бойынша, мемлекетке алтынның көптеп енуі пайыз мөлшерлемесін төмендетеді және сол арқылы инвестицияларды, өндіріс көлемін және жұмысбастылықты ынталандырады. Бұл жағдай қысқа уақыт мерзіміне қатысты дұрыс және Кейнс оны «меркантилизмдегі ғылыми ақиқаттың дәні» деп атаған.

Кейнстен басқа тарихи мектеп өкілдерінің еңбектерінде де меркантилизм жоғары дәрежеде бағаланды, олардың пікірінше, меркантилизм ұлттық автаркияға қол жеткізу және мемлекеттік биліктің күшеюі үшін қажет.

Теориялық әлсіздігіне қарамастан, меркантилизм экономика ғылымы және тәжірибесінің дамуында маңызды рөл атқарды: тұңғыш рет зерттеудің нысаны ретінде ерте (мануфактуралық) кезеңдегі капиталдық қарым-қатынастар болды; кейінгі меркантилизм халықаралық еңбек бөлінісіне, экспортқа негізделген өнеркәсіптің дамуына, делдалдық саудаға себепші болды.

### Әдебиеттер:

1. Вебер М. Протестантская этика и дух капитализма. – В кн. Избранные произведения. – М., 1990.
2. Экономикалық ілімдер тарихы: Үлгі кұралы. / Р. Елемесовтың редакциялауымен шығарылды. – Алматы: «Қазақ университеті», 1997 – 152 б.
3. Экономикалық ілімдер тарихы: жоғары оқу орындарына арналған оқулық / Ө.Қ. Шеденов, Б.А. Жүнісов, Ү.С. Байжомартов, Ғ.М. Мүсіров. – Алматы-Ақтөбе: А-Полиграфия, 2006. – 314 б.
4. Всемирная история экономической мысли: В 6 т. Т. I. – М., 1987. – 606 с.
5. Ядгаров Я.С. История экономических учений: учебник. – 4-е изд., перераб. И доп. – М.: ИНФРА-М, 2009. – 480 с.
6. <http://gallery.economicus.ru>

**Түйін сөздер:** протекционизм, ақша балансы, кольбертизм саясаты, халықаралық еңбек бөлінісі, делдалдық сауда.

### Бақылау сұрақтары:

1. Меркантилизмнің теориялық негіздері қандай?
2. Неліктен меркантилистердің зерттеу нысаны айналыс саласы болған?
3. Меркантилизмнің дамуындағы негізгі кезеңдеріне сипаттама беріңіз.
4. Меркантилизмнің мәні неде?

### Тест тапсырмалары:

1. Меркантилизм қай кезеңде жақсы дамыған?

- A. XVI ғ.;
- B. XVIII ғ.;
- C. XIX ғ. басы;
- D. XVII ғ.;
- E. XIX ғ. ортасы.

2. Меркантилизм саясаты кімнің мүддесін қорғады?

- A. дін өкілдерінің;
- B. ұсақ қолөнершілердің;
- C. сауда буржуазиясының;
- D. шаруалардың;
- E. ірі жер иеленушілердің.

3. Меркантилизмге сәйкес, елдегі байлықты (алтынды) көбейтудің негізгі құралы:

- A. ауыл шаруашылығы;
- B. сыртқы сауда;
- C. ішкі сауда;
- D. ірі өнеркәсіп өндірісі;
- E. мануфактуралық өндіріс.

4. Меркантилизм қағидаларына сәйкес мемлекет қандай экономикалық саясатты жүргізуі тиіс?

- A. мемлекеттің экономикаға араласпауы;
- B. мемлекет елге дайын өнімдерді әкелуді ынталандыруы тиіс;
- C. мемлекет елден шикізат материалдарын шығаруды ынталандыруы тиіс;
- D. мемлекет бәсекелестікті ынталандыруы тиіс;
- E. мемлекет протекционистік саясатты жүргізуі тиіс.

5. Аталғандардың қайсысы кейінгі меркантилизмді сипаттамайды?

- A. сыртқы сауданы ынталандыру;
- B. ақшаны мемлекет шегінен шығаруға қатаң тыйым салу;
- C. активті сауда балансы;
- D. экспортты ынталандыру;
- E. мемлекеттің протекционистік саясаты.

6. Кейінгі меркантилизмнің маңызды белгісі:

- A. активті сауда балансы саясаты;
- B. ақшаны мемлекет шегінен шығаруға қатаң тыйым салу;
- C. ауыл шаруашылық өндірісін ынталандыру;
- D. еркін сауда саясаты;
- E. дұрыс жауабы жоқ.

7. Меркантилистердің зерттеу нысаны:

- A. айналыс саласы;
- B. өндірістік капитал;
- C. құн заңы;
- D. материалдық өндіріс;
- E. өндіріс саласы.

8. Қай ғалым меркантилизмде «ғылыми ақиқат дәні» бар деп санады?

- A. А. Смит;
- B. М. Фридман;
- C. Т Веблен;
- D. Д. Рикардо;
- E. Дж. Кейнс.

**КЛАССИКАЛЫҚ МЕКТЕПТІҢ ПАИДА БОЛУЫ**

## **Классикалық саяси экономияның жалпы сипаттамасы және дамуының негізгі кезеңдері**

XVII-XVIII ғасырларда әлемдегі дамыған мемлекеттерде кәсіпкерлік іс – әрекет сауда және ақша айналысы салаларынан өнеркәсіптің көптеген салаларына кеңінен тарады. Мемлекеттің қуаттылығы және оның дамуы материалдық өндірістің дамуымен анықталды, басқаша айтқанда индустриалдыға дейінгі қоғамды индустриализм алмастырды. Экономикалық саясат саласында протекционизм еркін кәсіпкерлікпен алмастырылды. Өзгерген әлеуметтік экономикалық жағдайларда экономикалық ойлаудың жаңа бағыты – екі жүз жылдықты қамтитын классикалық саяси экономия пайда болды. Кейінгі зерттеушілер классикалық саяси экономияны сипаттайтын бірнеше постулаттарды бөліп көрсетті.

Біріншіден, классиктер бүкіл қоғамның байлығы мен дамуының қайнар көзі меркантилистерше айырбас емес, өндіріс деп есептеді. Сондықтан өндіріс заңдарына, әсіресе, капиталдың жинақталуына үлкен мән берілді.

Екіншіден, классикалық мектеп өкілдеріне құн мәселесіне ерекше қызығушылық тән. Олардың ойынша, құн қоғам байлығының негізі болып табылатын бастапқы экономикалық категория. Құнның қайнар көзі – өндіріс саласы деп есептеді, және оны өндіріс факторларының шығындарымен анықтады.

Үшіншіден, классиктер объективті «табиғи» заңдылықтардың ықпалы тек табиғатта ғана емес, сонымен бірге қоғам өмірінде де бар екендігін мойындады. Табиғи тәртіпке жеке меншік және бәсекеге негізделген барлық экономиканы жатқызды және бұл тәртіп анағұрлым тиімдірек болды. Классикалық теория бойынша нарықтық экономика өзін өзі реттейді, және сәйкесінше экономикалық либерализм, еркіндік және мемлекеттің экономикаға араласпауы қағидалары ұстанылады.

Төртіншіден, адам өзіне пайдалы болғандықтан өзінің материалды эгоистік қажеттіліктерін басшылыққа алатын, бір жақты қызмет ететін, «экономикалық адам» ретінде қарастырылды.

Бесіншіден, классикалық мектеп өкілдерінің теориялары және модельдерінің көпшілігі жетілген бәсеке экономикасы жағдайына құрылған, яғни, ресурстардың абсолютті мобильділігі, нарық тұлғаларының ақпаратпен толық қамтамасыз етілуі, бағаның, сонымен бірге жалақының да жоғары болуы мойындалды.

Алтыншыдан, классикалық мектеп өкілдері ақша қызметтерінің ішінен бір ғана айналым құралы қызметін мойындады.

### **У. Петтидің экономикалық көзқарастары**

У. Петти (1623-1687) жаңа теориялық конструкцияның қалыптасуын көрсететін өтпелі тұлға тәрізді, себебі оның көзқарастарында әрі меркантилизмнің, әрі классикалық мектеп ережелерінің ұштасуы байқалады. Ол «Төлемдер және салықтар туралы трактат» (1662 ж.), «Саяси арифметика» (1676 ж.), «Ақша туралы әртүрлі ойлар» (1682 ж.) еңбектерінің авторы. У. Петти физика докторы және анатомия профессоры, сонымен қатар, алғашқы кәсіпқой экономист болған.

Оның алғашқы еңбектері негізінен меркантилистік экономикалық саясатқа, активті сауда балансы идеясына арналған. У. Петти байлықты меркантилистік көзқараста сипаттады, ол «Сауданың ең басты және соңғы нәтижесі жалпы байлық емес, ол әрқашан және барлық жерде байлықтың көзі болып есептелетін, басқа заттар сияқты күймейтін және бағасы көп өзгермейтін алтын, күміс және бағалы тастарды арнайы молшылықта ұстау... Сол себептен, елде осы құндылықтардың жинақталуы және елде алтын, күміс және бағалы тастарды жинақтауға әкелетін саясат анағұрлым тиімді болып табылады» деп санады. Сонымен бірге, ақша бір орында тұрмай, өндірістің дамуына әсер етуі керек. Кейде Петти байлықтың қатарына тек ақшаны ғана емес, жер, темір, орман, бидайды да енгізеді. Оның есептеуі

бойынша, Англиядағы ақша мөлшері елдегі байлықтың 3 %-нан аспайды.

Экономикалық үдерістерді зерттегенде У. Петти құбылыстарды сипаттаудан олардың мәнін талдауға және экономикалық құбылыстардың терең тәуелділігін анықтауға тырысқан, бұл абстрактілі әдістің қалыптасуына негіз болды. У. Петти еңбек күн теориясының негізін салушылардың бірі болып табылады, атақты: «Еңбек – байлықтың әкесі және ең пәрменді қағидасы, ал жер – оның анасы»<sup>7</sup> деген ұлы сөздердің авторы. Бұл ережені түсіндіруге оның «табиғи баға» ілімі арналған, «табиғи баға» деп ол тауарды өндіруге кеткен уақытпен анықталатын бағаны түсінеді. «Барлық заттарды бағалауды екі үлкен табиғи белгіге – жер мен еңбекке әкелуге болар еді; яғни: бізге кемеңің немесе сүртіктің құны осындай да осындай жердің мөлшеріне, осындай да осындай еңбектің мөлшеріне тең деп айтуға болар еді, өйткені оның екеуі де – кеме де, сүртік те жер және адам еңбегімен өндірілген»<sup>8</sup>.

У. Петтидің көптеген еңбектері жермен байланысты мәселелерге арналған, себебі жер сол кездегі еңбектің негізгі нысаны болған. Жер еңбектің өнімі болмағандықтан, ол ерекше тауар болып табылады. Жерді сату немесе сатып алу кезінде жерден пайда табу құқығы да сатылады немесе сатып алынады. Жерден алынған табыс жер рентасы болып табылады, У. Петти оны жұмысшының жалақысына, дән сатып алуға кеткен шығынды есептегеннен қалған қалдық деп есептеген. Осылайша жердің бағасы жиырма бір жыл ішіндегі бір жылдық рентаны құраған.

Петти пайызды қарастырғанда, келесідей шешімге келеді, пайыздық төлемдер ақшаның иесі өзінің қаражатын қолдана алмауымен байланысты туындаған қолайсыздықтардың өтемі болып табылады. Пайыз мөлшерлемесінің көлемін автор табыстың негізгі нысаны ретінде рентамен анықтайды. Қолдағы бар қаражатқа жер телімін сатып алып, одан жер рентасын алуға болады, сол себептен пайыз мөлшерлемесі рентадан төмен болмауы тиіс.

У. Петти өзінің еңбектерінде сандық талдау қажеттігін дәлелдейді, ол экономикалық құбылыстарды «сандар, салмақтар және өлшемдер тілімен» түсіндіруді армандаған, жаңа ғылыми пән – экономикалық статистиканың негіздерінің қалыптасуы оның есімімен байланысты. Ол бірінші болып ұлттық табыс көлемін анықтады, Англияның төлем балансын құрастырып, демографиялық үдерістерді зерттеді.

### **Франциядағы классикалық саяси экономияның пайда болуы**

Франциядағы классикалық саяси экономияның негізін салушы Пьер Буагильбер (1646-1714) болып табылады, оның «Франциядағы бөлшек сауда» және «Байлықтың, ақшаның және салықтың табиғаты туралы пікірлер» еңбектері меркантилистік идеялардың түпкілікті орнығуына теориялық-әдістемелік база болды. Буагильбер Францияда, Англиядағы Петти секілді еңбек күн теориясының негізін қалаушы болып табылды. Құнды оның ақшалай көрінісі ретінде көрсеткен Петтимен салыстырғанда Буагильбер ақша нысанын мүлдем қарастырмаған, ол тауардың тауарға қатынасын, яғни тауардың тікелей айырбасын қарастырған. Ол ақшаны барлық жаманшылықтың кесірі, «шынайы құнға» сәйкес тауар айырбасын бұзатын негізгі себеп деп есептеп, оған барынша қарсы болған. Буагильбер тауар өндірісін сақтап, ақшаны жою қажет деген талап қояды.

П. Буагильбер меркантилизмге, соның ішінде Кольбер саясатына сыни көзқараспен қараған. Оның пайымдауынша, жоғары салық төлеп жүрген шаруалардың кедейленуінің себебі осы кольбертизм болып табылады. Одан басқа сол кездері Францияның провинцияларының арасында кедендік шекаралар болған, ал бұл ішкі сауданың дамуын

<sup>7</sup> Петти У. Трактат о налогах и сборах // Антология экономической классики в 2-х томах. Т.І. – М., 1993. – С. 54.

<sup>8</sup> Петти У. Трактат о налогах и сборах // Антология экономической классики в 2-х томах. Т.І. – М., 1993. – С. 33.

елеулі түрде тежеген. Буагильбер орын алған жағдайларды жою үшін бірнеше реформаларды ұсынды: біріншіден, салықтық реформа: дін басылар және ақсүйектерден жеңілдіктерді алып тастап, шаруалардан алынатын салықты төмендету; екіншіден, ішкі саудаға қойылған шектеулерді жойып, еркін бидай нарығын енгізу арқылы ауыл шаруашылығын дамыту.

### Физиократтар мектебі

XVIII ғ. Францияда физиократтар мектебі кең танымал болды. Олардың ең атақты өкілдері – Франсуа Кенэ (1694-1774) және Анн Робер Жак Тюрго (1727-1781) болды. Осы кезеңде Францияда ауыл шаруашылығы, аграрлық қатынастар, шаруалардың жағдайы барлық қарама-қайшылықтардың нақ өзегінде болды. Сондықтан физиократтар осы мәселелерді шешуге талпынды.

Физиократизмнің негізін салушы – медицина докторы, Людовик XV сарайында емдеуші дәрігер, экономикадағы мәселелермен тек 60 жасында айналыса бастаған Франсуа Кенэ болды. Ол қоғамды ағза деп есептеді, оның ішінде қалыпты заңдары бар, және ол заңдар өндіріске және адамдарға зиянын тигізбей бұзылмауы мүмкін. Оның пікірінше, қалыпты қоғам тепе-теңдікте тұруы керек және оған жету үшін ақшаны жинамай, ауыл шаруашылығын дамыту керек. Себебі жер байлықты көбейтетін бірегей қасиетке ие болмақ. Ф. Кенэнің «табиғи тәртіп» туралы ілімі қоғамдық дамудың объективтілігі мен заңдылығы идеясын тудырды, қоғам тірі ағза ретінде, ал экономикалық өмір ішкі заңдылықтары бар табиғи үдеріс ретінде көрінді.

Физиократтардың экономикалық теориясының өзегі «таза өнім» категориясы болып табылады. Таза өнім деп жерді өңдеуден алынған, өндіріс шығындарынан қалған өнімнің артығы түсініледі. Қоғамдық байлықтың көбеюі, дін басылардың және дворяндардың табыстары жерді өңдейтін шаруалар арқылы жинақталады. Егер жер қосымша өнім өндіргенде бұл мүмкін болмайтын еді. Физиократтарға сәйкес, таза өнім жерден алынады, себебі өзінің табиғи өнімділік күшіне сәйкес еңбекке, дақылға, малға кеткен шығындардың барлығын жауып қана қоймай, ол табиғаттың бірегей сыйы болып табылатын белгілі бір артық өнімді шығарады. Өндірістік еңбек тек бидайдың, орманның, тастың және т.б. тек формасын өзгертеді және ешқандай артық өнім шығармай тек өңдеуге кеткен шығындарды ғана жабады. Таза өнімді өндірістік еңбек қалыптастырмайды, оны бір құндылықты екінші құндылыққа ауыстыратын сауда да қалыптастырмайды.

«Таза өнім» ұғымымен бірге еңбек өнімділігі категориясы да қарастырылады. Физиократтар өнімді еңбек ретінде байлықты көбейтетін «таза өнім» шығаруға кеткен еңбекті айтады, ал кез келген басқа еңбек өнімсіз (бірақ, ол да өте пайдалы болуы мүмкін).

Қоғамды қарастыра келе, Кенэ таза өнімге қатысы бар әртүрлі таптарды бөліп қарастырады. Ол азаматтардың үш табын бөледі: өндіруші тап, иемденуші тап және өндірмейтін тап. Өндіруші тап – таза өнімді өндіретіндер, яғни жер өңдеуші жұмысшылар. Иемденуші тап – жер иеленушілерді және билік басындағыларды қамтиды, бұл тап «жердің таза өніміне немесе пайдасына өмір сүреді». Өндірмейтін тапқа (немесе өнімсіз) жер өңдеумен айналыспайтын адамдардың барлығы жатады.

Физиократтардың капитал туралы еңбектерінің үлкен ғылыми маңызы бар. Физиократтардың өндіріс және жер өңдеу шығындарын мұқият зерттеп, есептеу арқылы капиталдың құрамдас бөліктерін шектеуге мүмкіндік алғаны мәлім. Физиократтар капитал құрылымында бастапқы және жыл сайынғы аванстарды бөлген. Бастапқы аванс ретінде, Кенэнің есептеуі бойынша, он жылдың ішінде қайтарылатын жер өңдеу құралдарына кеткен шығындар болып табылады. Ал жыл сайынғы аванстарға ауыл шаруашылығы жыл сайын жұмсайтын шығындар (жұмысшылардың жалақысы, дәндер) жатады. Капиталдың осылай бөлінуі қазіргі заманғы капиталдың негізгі және айналмалы деп бөлінуіне өте ұқсас. Капиталды талдауды физиократтар тұтас өндірістің талдануы сияқты тек ауыл шаруашылығы өндірісі тарапынан қарастырған. Өнеркәсіпке құйылған капиталды физиократтар өнімсіз деп есептеді, сол себептен де олар өнеркәсіптік капиталдың

экономикалық құрылымына талдау жасамаған.

Физиократтар қоғамдық өнімнің құндық және натуралды нысандарда ұдайы өндірілуі мәселесін қарастырған. Бұл мәселеге ұдайы өндірістің алғашқы теориялық моделі болған Кенэнің «Экономикалық кестесі» арналған. «Экономикалық кестеде» физиократтардың таза өнім, өнімді және өнімсіз еңбек, капитал, таптар және т.б. туралы барлық экономикалық ілімдері көрініс тапқан. Берілген модельдің негізінде ұдайы өндірістің талдауын жеңілдететін бірқатар қағидалар бар: талдаудан өндірістің қорлануы және ұлғаюы алынып тасталған; тауар бағаларының тұрақтылығы болжамданған; сыртқы сауданың әсері ескерілмейді; жерді пайдаланудың жалға берушілік жүйесінің бар жерде таралуы; әр тап арасындағы сату-сатып алу ескерілмейді. Өзінің кестесінде Кенэ ауыл шаруашылығында жасалатын жылдық жиынтық өнімнің таптар – өндірушілер (шаруалар), жер иеленушілері және қолөнершілер (өнімсіз тап) арасында қалай айналатындығын көрсетеді. Жылдық өнімнің айналысы ауыл шаруашылығында және өнеркәсіпте қолданған шығындардың толтырылуын қамтамасыз етеді және үш тап арасындағы экономикалық байланыстарды жүзеге асырады.

Кенэнің есептеуі бойынша, Франциядағы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 5 млрд. ливрге тең ( азық-түлік өнімдері төрт млрд., шикізат бір млрд.). Бұл өнімнен басқа шаруалардың жерге жалгерлік төлем ретінде жер иеленушілеріне беретін өткен жылдың егісінен қалған өнімнің 2 млрд. ливры бар. Қолөнершілер 2 млрд. ливрға өнім шығарады, осыдан елдің жалпы өнімі 7 млрд. ливрге тең.

Барлық шаруашылық өмірдің ауыспалы айналымы шаруалар жер иеленушілеріне 2 млрд. ливрді бергеннен басталады. Бұл ақшаға жер иеленушілер шаруалардан 1 млрд. ливрге бидай сатып алады, 1 млрд. ливрге қолөнершілерден басқа да тұтыну тауарларын сатып алады, осымен олардың айналысқа түсуі тоқтайды.

Қолөнершілер өздерінің өнімдерін жер иеленушілеріне (1 млрд.) және фермерлерге (1 млрд.) өткізеді, тапқан табысты бидай сатып алуға (1 млрд.) және шикізат сатып алуға (1 млрд.) жұмсайды.

Шаруалар ауыл шаруашылығы өнімнің 5 млрд. ішінен тек 3 млрд. ғана жаратады, себебі 2 млрд. ливр өздерінің тамақтарына және егістікке кеткен шығындарға жұмсалады. Шаруалар жоғарыда көрсетілгендей өздерінің өнімдерін қожайындарға және қолөнершілерге сатады, 3 млрд. тапқан пайдасының 1 млрд. қолөнершілерден тауар сатып алуға жұмсайды. Тағы 2 млрд. ливр қалады, бұл келесі жылға жерге арендалық төлемге жұмсалады және бүкіл үрдіс қайта қайталаынады. Ф. Кенэнің экономикасы өндіріс көлемі мен табыс жыл сайын жаңаратын тепе-тең жүйе ретінде көрсетілген.

Кенэнің пікірінше, шаруалар мен қолөнершілер салықтан босатылып, оны тек қайтарымсыз табыс табатын жер иеленушілері ғана төлеуі керек.

Экономика заңдары табиғи болғандықтан, мемлекет экономикалық өмірге араласпауы тиіс. Ол тек қана тәртіпті сақтап, жолдарды және білім алуды ғана реттеу керек.

Анн Робер Жак Тюрго өзінің еңбектерінде физиократтық жүйені дамытты, ол Людовик XVI кезінде қаржының бас бақылаушысы (қаржы министрі) қызметін атқарған. Саяси экономияның негізгі сұрақтарын Тюрго өзінің атақты «Байлықты қалыптастыру және бөлу туралы ойлар» атты еңбегінде мазмұндады. Ғалым таптарға бөлудің жаңа өлшемін – өндіріс құрал-жабдықтарына қатынасын енгізеді. Осылайша ол фермерлердің арасында екі тапты бөліп қарастырады – жұмысшы және капиталистер. Егер біріншілердің жұмысшы күшінен басқа ештеңесі болмаса, ал екінші тап өндірістің иесі болып табылады. Тура сондай бөлуді Тюрго өнімсіз тапқа жүргізеді. Осылайша қоғамда жер иелері табын қоса алғанда бес тап бар: ауыл шаруашылығы және өнеркәсіптегі жұмысшылар мен капитал иелері.

Классикалық мектептіңерте даму кезеңіндегі атақты ғалымдарына Ричард Кантильон және Давид Юм жатады. Ричард Кантильон (1680-1734) ирландық көпес және қаржыгер, ол көп жылдар бойы Францияда өмір сүрген. Меркантилистік саясатты сынайтын «Сауда табиғатының тәжірибесі» атты еңбегі ол дүниеден өткеннен кейін жарық көрді (1755). Ричард Кантильон «қымбат сатып, арзан сатып алу» тезисі мемлекет үшін уақыт өте келе

шығын алып келуі мүмкін, бірақ жекелеген адамдар үшін жағдай мүлдем басқаша екендігін пайымдады. Оның пікірінше, сұраныс пен ұсыныс арасындағы сәйкессіздік арқылы қымбат сатып, арзан сатып алуға мүмкіндік туады және тура осы жағдай бәсекелес нарықтарды тепе-тең жағдайға алып келеді. Осындай жүзеге аспаған мүмкіндіктерді қолданып табыс табатын адамдарды Ричард Кантильон «кәсіпкерлер» деп атайды және кейіннен осы термин экономикалық теорияға тұрақты енді.

Ричард Кантильон алғашқылардың бірі болып «алтын ақша ағыны» механизміне сипаттама берген және барлық экономикалық тұлғалардың бастапқы құралдары бірдей дәрежеде өскен жағдайда ғана ақшаның көбеюі бағаның өсуіне әсер ететіндігін көрсетті.

Давид Юм (1711-1776) XVIII ғ. ұлы ойшылы, философ, тарихшы, экономикалық зерттеулерін негізінен ақшаның рөліне арнаған. Юм ақшаның сандық теориясының (АСТ) негізін салушы болып саналады. Юм XVI ғ. Жаңа дүниеден алтын мен күмістің ағыны көбейгенде, бұл бағаның өсуіне әсер етті, осыдан «баға төңкерісіне» сүйене отырып, ғалым бағаның деңгейі және сатып алу қабілеті айналыстағы ақша көлеміне байланысты екенін түсінеді. Сандық теорияны қазір келесі түрде көрсету қалыптасқан (ең қарапайым нұсқасы):  $MV=PT$ , бұл жерде  $M$  – ақша массасының көлемі,  $V$  – ақша айналысының жылдамдығы,  $T$  – тауар массасының жиынтық көлемі,  $P$  – орташа баға. АСТ-ң жақтаушылары  $V$  және  $T$  көлемі тұрақты шама деп есептейді, бұл жағдайда  $M$  өсуі  $P$  өсуіне әсер етеді.

Юм Кантильон секілді сауданың оң балансы теориясын сынады, ол сыртқы саудада алтын стандартында табиғи түрде қалыптасатын тепе-теңдік туралы пікірлердің авторларының бірі. Экспорт пен импорт арасындағы тепе-теңдік жағдайды қалыптастыруды келесідей жолмен көрсетуге болады. Айталық, оң сауда сальдосына қол жетті, басқаша айтқанда, таза экспорт (экспорт пен импорт бағалары арасындағы қатынас) нөлден жоғары, нәтижесінде мемлекетке алтын көп мөлшерде енеді. Баға өседі, экспорт қысқарады және таза экспорт қайтадан нөлге дейін төмендейді. Егер де таза экспорт  $X_n < 0$  болса, мемлекет алтынның бір бөлігін жоғалтады, ел ішіндегі ақша көлемінің азаюынан ішкі баға төмендейді. Нәтижесінде ұлттық тауар арзандайды, экспорт ұлғаяды және алтын мемлекетке қайта оралады да, экспорт пен импорттың тепе-теңдігі орнатылады. Осылайша, алтынның бір елден екінші елге айналым үрдісінің орташа уақыт кезеңінде экспорт пен импорт көлемі теңеседі.

Юм АСТ-ң жақтаушысы бола тұра, ақша көлемінің ұлғаюы бағаның жоғарылауына алып келеді деп есептеген. Бірақ ол бір жағдайды ескерген: мемлекетке алтынның енуі ақырындап теңсіздік түрде өсетін ішкі бағаға әсер етеді. Және бұл теңсіздік өндіріске де әсер етеді. Ақша белгісіз жақтан пайда болғанда, ақша сыртқы сауда операцияларын тиімді жүргізетін адамдардың қолында болады. Бұл тұлғалар ақшаны пайда әкелетіндей жұмсағылары келеді: өндірісті ұлғайтуға бағыттайды, яғни жұмысшы күшін тарту немесе жұмысшылар жетпеген жағдайда жалақыны жоғарылату. Нәтижесінде тұтыну тауарларына сұраныс ұлғайып, оларды өндіруге итермелейді. Юм жазғандай, осыдан халық шаруашылығы арқылы ақшаның барлық айналым жолын көруге болады. Жалпы бағаның өсуі алдында ақша массасының ұлғаюы әр жеке тұлғаны көп еңбектенуге ынталандыратынын байқауға болады. Экономикалық әдебиеттерде қысқа уақыт аралығындағы ақшаның бейтараптылығы эффектісі Кантильон – Юм эффектісі деп атала бастады.

### Әдебиеттер:

1. Петти У Трактат о налогах и сборах //Антология экономической классики в 2-х томах. Т.І. – М., 1993
2. Кенэ Ф. Избранные экономические произведения. – М., 1960.
3. Экономикалық ілімдер тарихы: жоғары оқу орындарына арналған оқулық / Ө.Қ. Шеденов, Б.А. Жүнісов, Ү.С. Байжомартов, Ғ.М. Мүсіров. – Алматы-Ақтөбе: А-Полиграфия, 2006. – 314 б.

4. Всемирная история экономической мысли: В 6 т. Т I. – М., 1987. – 606 с.

5. Ядгаров Я.С. История экономических учений: учебник. – 4-е изд., перераб. И доп. – М.: ИНФРА-М, 2009. – 480 с.

6. <http://gallery.economicus.ru>

**Түйін сөздер:** физиократия, Кенәнің «экономикалық кестесі», «таза өнім», индустриализм, еңбек өнімділігі, кәсіпкер, ақшаның сандық теориясы, Кантильон – Юм эффектісі.

### Бақылау сұрақтары:

1. Классикалық саяси экономияның іргелі тұжырымдамаларын атаңыздар.
2. Классикалық мектептің дамуы қандай кезеңдерге бөлінген?
3. У. Петтидің құн теориясының мәні.
4. Ф. Кенә теориясының негізгі тұжырымдары қандай?
5. Меркантилистер мен классикалық мектеп өкілдерінің мемлекеттің рөлі туралы пікірлерін салыстырыңыздар.

### Тест тапсырмалары:

1. *Классикалық либерализм өкілдері мемлекетке қандай рөл берді?*
  - A. мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ету;
  - B. сыртқы және ішкі қауіпсіздік;
  - C. көлікті ұйымдастыру және білім мен денсаулық сақтау саласында қызмет көрсету;
  - D. мемлекеттік заңдарды қамтамасыз ету;
  - E. барлығы дұрыс.
2. *Классикалық саяси экономияға сәйкес ақша – бұл:*
  - A. адамдардың жаңалығы;
  - B. экономикалық өсудің маңызды факторы;
  - C. қоғамдық байлықтың негізгі элементі;
  - D. айырбасты жеңілдететін айналым құралы;
  - E. билеушілер енгізген тауар.
3. *У. Петти және П. Буагильбер негізін салған құн теориясында құн немен анықталады?*
  - A. еңбек шығындарымен (еңбек теориясы);
  - B. өндіріс шығындарымен (шығындар теориясы) ;
  - C. шекті пайдалылықпен;
  - D. пайдалылықпен;
  - E. дұрыс жауабы жоқ.
4. *Д.Юм теориясына сәйкес, баға деңгейі немен анықталады?*
  - A. еңбек шығындарымен;
  - B. өндіріс шығындарымен;
  - C. елдегі ақша көлемімен;
  - D. сұраныс шамасымен;
  - E. халық санымен.
5. *Физиократтар ел байлығын көбейтудің негізгі көзі деп нені есептеген?*
  - A. ауыл шаруашылығы;
  - B. сыртқы сауда;
  - C. ішкі сауда;
  - D. ірі өнеркәсіп;
  - E. мануфактуралық өндіріс.
6. *Ф.Кенә неліктен жер өңдеушілер еңбегін өнімді деп атады?*
  - A. жер өңдеуде материалдық құндылықтар жасалады;



- В. жер өңдеуде тұтынудың негізгі заттары жасалады;
- С. жер өңдеуде таза өнім жасалады;
- Д. жер өңдеумен тұрғындардың негізгі бөлігі айналысады;
- Е. жер өңдеуде негізгі өндіріс факторы – жер.

7. *Ф. Кенэ қоғамды қандай таптарға бөлген?*

- А. жер иелері және шаруалар;
- В. өнеркәсіпшілер, жер өңдеушілер және дін өкілдері;
- С. меншік иелері, өндірушілер және бедеу (өндірмейтін) таптар;
- Д. кәсіпкерлер, фермерлер, жалдамалы жұмысшылар;
- Е. жер иелері, капиталистер, жалдамалы жұмысшылар.

8. *Ф. Кенэнің экономикалық кестесі нені көрсетеді?*

- А. мемлекеттік бюджет құрылымын;
- В. қоғамдық өнімнің қайта өндірілуі және айналымын;
- С. капиталдың негізгі және айналмалы болып бөлінуін;
- Д. экономикалық өсуді;
- Е. дұрыс жауабы жоқ.

9. *Экономикалық либерализм цагидаларъта қай ереже сәйкес?*

- А. мемлекет азаматтардың экономикалық қызметіне араласпайды;
- В. капиталды пайдалануға және орнын ауыстыруға шектеу жоқ;
- С. мемлекет жалақыны реттемейді;
- Д. мемлекет азаматтардың өмірін, мүлкін және бостандығын қорғай отырып, олардан салық алады;
- Е. барлығы дұрыс.

## **АДАМ СМИТТИҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ**

А. Смит (1723-1790) өз заманының аса білімді адамдарының бірі болған, ол классикалық экономика ғылымының шынайы ғылыми жүйесінің негізін салушы. Шотландияда туылған, философия және логика ғылымдарының профессоры атағын иемденген. Оның көзқарасына Францияның философ ғалымдары Вольтер, Дидро, Кенэ, Тюргомен кездесу үлкен әсер етті. 1776 жылы ол «Халық байлығының табиғаты және оның себептері туралы зерттеу» атты негізгі еңбегін аяқтады, бұл еңбекте ең алғаш рет жүйелі түрде нарықтық механизмдерінің әсері негізінде экономикалық дамудың теориясы жүйелі түрде баяндалған. Өзіне дейінгі ғалымдардан ерекшелігі, А. Смит экономика туралы үзік көзқарастардың жиынтығын емес, нағыз әлеуметтік және экономикалық философияны қалыптастырды.

Физиократтар сияқты, А. Смит әдістемесі де табиғи тәртіп туралы ұстанымға, оның салдары ретіндегі экономикалық либерализм концепциясына негізделеді. Табиғи тәртіп ретінде автор қоғамның адам табиғатына лайықты қоғам құрылысының орнауын айтады. Адам өзінің табиғаты бойынша – эгоист, ол өзінің жеке қажеттіліктерін өтеуге, пайда табуға және өзінің қызығушылықтарын қанағаттандыруға ұмтылған. Тура осындай адамды А. Смит «экономикалық адам» деп атайды.

А. Смиттің «Халық байлығының табиғаты және оның себептері туралы зерттеу» шығармасы бес кітаптан тұрады. Бірінші кітапта қоғамдық еңбек бөлінісін, оның артықшылықтары және салдарларын зерттеу негізінде құнның сипаттамасы берілген және табыс бөлінуінің талдауы жүргізілген. «Капитал табиғаты, оның қорлануы мен қолданылуы» атты екінші кітабы негізінен экономиканың қозғаушы күші ретінде капиталға талдау жасауға арналған. А. Смит капиталға анықтама бере отырып, оның негізгі және айналмалы бөлігінің қозғалысының ерекшеліктерін, жинақтарының шарттары және капиталды орналастырудың түрлерін қарастырады. Нақ осы екі кітапта саяси экономияның теориялық сұрақтары зерттеледі.

Үшінші кітапта Еуропа экономикасының дамуы туралы тарихи очерктері және ең алдымен, феодализм және капитализмнің орнығу кезеңдеріндегі ауыл шаруашылығының дамуы жазылған. «Халық байлығының...» төртінші бөлімінде саяси экономияның дамуына шолу жасалады. Автор меркантилистік көзқарасты сынай отырып, экономикалық либерализмнің артықшылықтарын, соның ішінде сауда еркіндігін дәлелдейді. Және де ең көлемді бесінші кітап қаржы трактаты секілді: салық саясаты және мемлекеттің шығындарын қарастырады.

Смит қарастыратын негізгі мәселе қоғам байлығы түсінігі, оның көздері болып табылады. Қоғам байлығы ретінде екі жағдаймен анықталатын материалдық байлықтар түсініледі: біріншіден, еңбек өнімділігінің даму деңгейі, екіншіден, өнімді еңбекпен айналысатындар үлесі. Еңбек өнімділігін арттыру, жұмысшылардың шеберлік деңгейі еңбек бөлінісімен анықталады. Еңбек бөлінісі арқылы ұлттық өнімді жасаудағы адамдардың бір-бірімен байланысы орнығады. Қолөнерші шаруаны киім тігуден босату арқылы ауыл шаруашылық өнімінің өсіміне көмектеседі, ал шаруа қолөнершіні бидай егуден босатып, өнеркәсіптің дамуына көмектеседі.

Экономикадағы еңбек бөлінісі және мамандандудың арқасында мыналар жүзеге асырылады: 1) жұмысшы шеберлігінің шыңдалуы; 2) бір жұмыс түрінен екінші жұмыс түріне ауысқандағы жоғалатын уақыттың үнемделуі; 3) еңбекті қысқартатын және жеңілдететін машинаның ойлап табылуы. Осының нәтижесінде еңбек өнімділігі күрт өседі. Смит хрестоматиялық мысалға айналған түйреуіш фабрикасын мысалға келтіреді, бұнда түйреуіш дайындау үдерісі бірнеше ондаған сатыға бөлінуінің арқасында жұмысшы бір түйреуіштің орнына 4800 түйреуіш шығара бастады. Еңбек бөлінісінің қарқындылығы нарықтың көлемімен шектелген.

Смит еңбек бөлінісінің себебі ретінде адамның айырбасқа табиғи бейімділігін санайды. Қоғам – адамдар өз мүдделерін ойлау арқылы еңбек нәтижелерімен алмасатын одақ болып табылады. «Біз өзіміздің асымызды қасапшы, сыра дайындаушы немесе нан пісірушінің бізге жақсылық тілеуінен алмаймыз, олардың өз жеке мүдделерін ойлауынан аламыз». Айырбас өзара тиімді, себебі оның әрбір қатысушысы өз еңбегін үнемдейді.

Құн теориясында Смит құнды тұтыну (пайдалылық) және айырбас құны деп екіге бөлді. Біріншісі адамның қажеттілігін тікелей қанағаттандыруға, ал екіншісі басқа заттарды сатып алуға мүмкіндік береді. Автор алмаз бен суды мысалға келтіре отырып, бұл екі құнды бір-біріне қарсы қояды. Алмаздың пайдасы өте төмен және құны өте жоғары, ал су болса керісінше. Әдебиеттерге бұл мысал «Смит парадоксы» деген атпен енген.

Экономистер үшін тек айырбас құны маңызды. Смит оның табиғаты туралы әр түрлі гипотезалар көрсеткен. Біріншісі: айырбас құны тауарды дайындап шығаруға кеткен еңбекпен анықталады. Екіншісі де еңбекпен анықталады, бірақ ол еңбек тауарды дайындауға емес, оны сатып алуға кеткен еңбек: «Алтын да немесе күміс те емес, тек еңбекке ғана бастапқыда дүниенің барлық байлықтары иемделінді»<sup>9</sup>. Бірақ кейіннен Смит еңбектің саны тек қарапайым, жабайы қоғамда ғана құнды анықтайтындығын көрсетеді. Капиталдың қорлануы және жерге жеке меншік үлкен рөл атқаратын қоғамда тек қана еңбекті емес, капитал және жерді де ескеру қажет. Сондықтан тауар бағасы осы факторлардан түсетін табыс сомасымен анықталады: «Жалақы, пайда және рента, кез – келген айырбас құны сияқты, кез келген табыстың үш бастапқы көзі болып табылды. Кез келген табыс, сайып келгенде, осы үш көзден алынады»<sup>10</sup>. Смиттің теориясының айрықша ерекшелігі әртүрлі экономикалық категориялардың, ең алдымен құн категориясының түсіндірмелерінің

<sup>9</sup> Смит А. Халық байлығының табиғаты және оның себептері туралы зерттеу // Экономика. Әлемдік классика, 10 томдық. Т 2. – А., 2006. – 154 б.

<sup>10</sup> Смит А. Халық байлығының табиғаты және оның себептері туралы зерттеу // Экономика. Әлемдік классика, 10 томдық. Т 2. – А., 2006. – 159 б.

эркелкілігі болып табылады. Экономикалық ой-пікірлердің әйгілі француздық тарихшылары Ш. Жид және Ш. Ристтің пікірлері бойынша, А. Смиттің құн теориясы «либералдық экономистер үшін және социалистік доктриналар үшін тіреуіш нүктесі болды. Идеялардың логикалық жүйеленуінен гөрі, молшылығымен ерекшеленетін Смит секілді жазушылардың тағдыры – әртүрлі және тіпті қарама-қарсы жолдармен жүретін ақылдарды қамшылау»<sup>11</sup>. Осылайша, Смиттің құн теориясы екіжақты сипатта (еңбек концепциясы, үшфакторлық) көрінеді. Бір ғалымдар мұны кемшілік ретінде, еңбектің ішкі сәйкессіздігі ретінде қарастырса, енді біреулері керісінше, екі тәсілдің болуын нақты экономикалық тәжірибеге анағұрлым толық сәйкес келетін артықшылық ретінде қарастырады.

Смит тауардың табиғи және нарықтық бағаларын бөліп көрсетеді. Табиғи баға айырбас құнымен салыстырылады және ол жалақы, табыс, рентаның табиғи (қалыпты, орташа) деңгейін қамтамасыз етуі керек. Ол тек тауарды нарыққа шығаруға кететін шығындарды аздап қана жабады. Табиғи бағаға тауардың нарықтағы сұранысы мен ұсынысы арқылы анықталатын нарықтық баға қарсы қойылады. Олардың арасындағы байланыс бәсекелестік жағдайында орташа нарықтық бағаның табиғи бағаға ұмтылуы арқылы анықталады. Егер белгілі бір уақытта ұсыныс сұраныстан көп болса, нарықтық баға табиғи бағадан төмен болады, сол себептен жалақы, табыс және рента өздерінің табиғи нормаларынан төмен болады. Сол кезде жұмысшының, капиталистің және жер иесінің эгоистік мүдделері оларды өндірістен қандай да бір болсын өз ресурсының бөлігін алуға мәжбүрлейді. Нәтижесінде ұсыныс қысқарып, нарықтық баға табиғи деңгейіне жетеді, ал табыс өзінің табиғи нормасына дейін көтеріледі. Егер өндірістің қандай да бір саласында сұраныс ұсыныстан көп болса, онда сол саладағы жоғары нарықтық бағалар табыстың көлемін ұлғайтып, қосымша ресурстарды (капиталдың, еңбектің немес жердің) еліктіреді. Ұсыныс өсіп, баға табиғи деңгейге дейін төмендейді, ол өзімен бірге табысты, жалақыны, рентаны табиғи деңгейге дейін төмендетеді.

Осының нәтижесінде табиғи баға орын алып, өндірістегі тауарлар өзіне деген сұранысқа бейімделеді. Және де бұл үрдіс өзінен-өзі, орталықтанған басшысыз, әрбір индивидтің көбірек табыс алуына негізделі отырып жүзеге асатындығын ескеру керек. Бұл үдерістің нәтижесінде әрбір адам «қоғамның жылдық пайдасын көбейтуге барынша әрекет етеді, көрінбейтін қол арқылы ол өзі тіпті ойламаған көптеген әртүрлі әрекеттер жасайды. Өзінің жеке пайдасына жету үшін ол көбінесе жалпыға ортақ пайдалы әрекеттерді көбірек жасайды».

Бірегей жоспарға және орталыққа бағынбаған нарықтық экономика дегенмен де белгілі бір қатаң ережелерге сәйкес жұмыс жасайды. Бұл әйгілі «көрінбейтін қол» қағидасы. Смит ең басты кезекке жеке мүдделерді, адамдардың өздерінің жағдайын жақсартуға ұмтылыстарын, ақшаны иемденуге және табыстарын жоғарылатуға тырысушылығын қоюды ұсынды.

Смит қоғамда үш негізгі тапты бөліп көрсетеді, олардың әрқайсысы өндірістің белгілі бір факторын иемденіп, соған сәйкес табыс табады. Жер иеленушілері рентаны, капиталистер табысты, ал жалдамалы жұмысшылар жалақы алады. Бұл табыстарды Смит бастапқы деп атайды, олардың бәрі қосылып ұлттық табысты құрайды, ал қалған табыстың барлығы екінші деңгейлі (олар бастапқы табысты қандай да болсын жолмен қайта бөлу болып табылады).

Жалақы еңбекке төленетін ақы болып табылады, оның ең төменгі деңгейі жұмысшының өмір сүруге қажетті ресурстарымен анықталады: минималды жалақы жұмысшыны тамақпен, киіммен және тұрғын үймен қамтамасыз етілуіне жеткілікті болуы керек. Бұрын көрсетілгендей, бәсеке орын алған нарық жалақыны оның табиғи деңгейінде ұстап тұрады. Орташа жалақы капиталдың және табыстың өсуіне байланысты жоғарылайды. Экономикасы тез дамиды елдерде жұмысшы күшіне сұраныс ұсыныстан көп болады, сол себептен бұл жерде жалақы мөлшерлемелері жоғарылайды. Ал «қозғалысы аз» елдерде

<sup>11</sup> Жид Ш., Рист Ш. История экономических учений – М., 1995. – С. 69.

жалақы ең төменгі күнкөріс шегінен аспайды.

Пайда және рента түсіндірмесінде де құн түсіндірмесіндегі секілді Смиттің әртүрлі ұстанымы байқалады. Бір жағынан ол бұл табыстарды жұмысшылардың еңбегінен алынып, капиталистер және жер иеленушілер пайдасына қосылатын паразиттік деп есептесе, екінші жағынан Смит пайда және рентаны капитал және жердің қызмет етуінің нәтижесі деп есептейді. Экономикалық өсу барысында пайда нормасы капитал иелерінің бәсекелестіктерінің нәтижесінде және сондай-ақ, қорланған капиталдың көлеміне қарай оны тиімді қолдану қиынырақ болатындығына байланысты да төмендейді.

Смит өз жұмысында капиталды талдауға баса назар аударған. Капитал – бұл әрі қарай өндірістің дамуына және өндірушіге ресурстарды жоғалтып, нәтижесінде табыс табатын уақыт интервалын игеруге көмектесетін қор болып табылады. Ол негізгі (айналыста болмаса да табыс әкеледі) және айналмалы (айналыста болу арқылы табыс әкеледі) болып екіге бөлінеді. Негізгі капиталға машиналар, ғимараттар және жұмысшының білімі мен біліктілігі жатады, айналмалы капиталға ақша, шикізат қоры және сатылмаған тауар қоры жатады. Смит капитал динамикасын қарастырады, өйткені өндірістің артуының себебі капиталдың өсуі болып табылады. Капиталдың қорлануы алынған табысты тұтынуға емес, оны өндірісті ұлғайтуға және жетілдіруге жұмсаудан тұратын үнемділіктің әсері болып табылады. Үнемділік адамның қоғамдағы өз орнын жоғарылатуға ұмтылысы болып табылады.

Капитал мен өндірістің ұлғаюы ақшалай капиталдың көлемінің өсуіне алып келеді. Смит ақшаны тек материалдық игіліктердің өлшем бірлігі және «айналыс дөңгелегі» деп есептейді. Егер ақшаның көлемі айналысқа қажет ақшадан көп болса, онда бағалар өседі.

А. Смит сыртқы экономикалық байланыстарға үлкен көңіл бөледі. Сыртқы сауда ішкі өндіріс сияқты еңбек бөлінісінің және мамандануының негізінде қалыптасқан. Егер шетелде тауар өндірісі мемлекеттің ішіндегі өндірістен арзан болса, онда шетелден сатып алу тиімді болады. Еркін сыртқы сауда барлығы үшін тиімді, сондықтан Смит меркантилистердің арзан тауар кіргізуді шектеуге және өздерінің экспорттаушыларына сыйақы беру сияқты пікірлеріне қарсы тұрады. Смиттің бір мемлекетке арналған «көрінбейтін қол» қағидасы кейіннен бүкіл әлемге тарады.

А. Смит еңбекті «халықтар байлығының» өсуіне әсер етуіне қарай өнімді және өнімсіз деп екіге бөледі. Өнімді еңбек ретінде Смит әлдебір затта көрінетін құнды тудыратын және оны сатып алуға капитал авансыланған еңбекті айтады. Осыған сәйкес өнімсіз деп оны көрсеткен уақытында жоқ болып кететін және оны сатып алуға табыс шығындалатын қызметтерді айтады. Сол себептен материалданбаған еңбектің құндылығы болмайды, ал бұл категорияға Смит адамдардың өте үлкен тобын енгізеді: мемлекеттік шенеуніктер, әскер, музыканттар, заңгерлер, жазушылар және т.с.с.

Бұл А. Смиттің ізбасарларының наразылығын тудырды, олардың пікірінше, кез келген еңбектің ерекше құндылығы болады және қоғамдық байлықтың белгілі бөлігінің көзі болып табылады.

А. Смит либерализм тұрғысында экономикалық еркіндікті және мемлекеттің араласпауы қағидасын қолдады, бірақ мұның абсолюттік ереже емес, жалпы қағидалар екенін ескеру қажет. Смит жеке мүдделерге негізделген «көрінбейтін қол» үйлесімділікке және экономикалық өсуге, тек еркін жеке мүдделер сәйкес құқықтық және институционалды шектеулерге қамтылғанда ғана әкелетіндігін түсінген. Нақты өмірде мемлекет, классиктің пікірінше, келесідей қызметтерді атқаруы керек: а) елді қорғау; ә) қоғамдық мекемелерді (білім және байланыс мекемелері) қамтамасыз ету; б) пайыз мөлшерлемесін бекіту.

М. Блаугтың пікірінше, «мемлекеттің толық араласпауында бәсекелестіктің артықшылықтары көрінбейді. Және Смит саяси экономия туралы бекер айтпаған»<sup>12</sup>.

Өзінің минималды міндеттерін атқаруы үшін мемлекетте қаражат болуы керек және ол қаражат салық түсімдері арқылы жинақталады. Салықты барлық адам өзінің мүлігіне сәйкес

<sup>12</sup> Блауг М. Экономическая мысль в ретроспективе. – М., 1994. – С. 56.

төлеуі керек. Смит салық салудың төрт ережесін қалыптастырды:

1. пропорционалдық
2. анықтылық (салық төлеудің нақты уақыты мен сомасы көрсетілуі тиіс)
3. салық төлеуші үшін ыңғайлылық
4. минималдылық (салықтар тек ең қажетті мұқтаждықтарды өтеуі тиіс).

Смиттің идеясы ең алдымен оның елінде, сосын бүкіл әлемде іс жүзінде қолданыла бастады.

### Әдебиеттер:

1. Смит А. Халық байлығының табиғаты және оның себептері туралы зерттеу // Экономика. Әлемдік классика, 10 томдық. Т.2. – А., 2006.

2. Экономикалық ілімдер тарихы: оқу құралы / Р. Елемесовтың редакциялауымен шығарылды. – Алматы: «Қазақ университеті», 1997. – 152 б.

3. Экономикалық ілімдер тарихы: жоғары оқу орындарына арналған оқулық / Ө.Қ. Шеденов, Б.А. Жүнісов, Ү.С. Байжомартов, Ғ.М. Мүсіров. – Алматы-Ақтөбе: А-Полиграфия, 2006. – 314 б.

4. Блауг М. Экономическая мысль в ретроспективе. – М., 1994. – 720 с.

5. Всемирная история экономической мысли: В 6 т. Т. II. – М., 1988. – 574 с.

6. <http://gallery.economicus.ru>

**Түйін сөздер:** қоғамдық байлық, еңбек бөлінісі, «көрінбейтін қол» қағидасы, табиғи баға, нарықтық баға, либерализм, тұтыну құны, айырбас құны, еңбек құн теориясы, абсолютті артықшылықтар теориясы.

### Бақылау сұрақтары:

1. А. Смит теорияларының әдістемелік негіздерін ашып көрсетіңіздер.
2. А. Смиттің еңбек құн теориясын түсіндіруі.
3. А. Смит өнімді және өнімсіз еңбек деп нені көрсетеді?

### Конец ознакомительного фрагмента.

Текст предоставлен ООО «ЛитРес».

Прочитайте эту книгу целиком, [купив полную легальную версию](#) на ЛитРес.

Безопасно оплатить книгу можно банковской картой Visa, MasterCard, Maestro, со счета мобильного телефона, с платежного терминала, в салоне МТС или Связной, через PayPal, WebMoney, Яндекс.Деньги, QIWI Кошелек, бонусными картами или другим удобным Вам способом.